

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911—1954)

I

Қасым Аманжолов 20-жылдардың аяғын ала шыққан жазушылар тобына жатады. Бұл буындағы ақындардың бірі екі-үш жыл бұрын, бірі екі-үш жыл кейін көрінгенімен, қаламға жабысып, өлеңге әуестенулері бір мезгіл, бір тұс. Көбісі кедей семьядан, барлығы да азып-тозып бара жатқанда, жетім балалар интернатынан пана табады, сол ұяда қанаттанып, сол ұядан кең дүниеге ұшады. Пионер болып қызыл галстук тақпағаны жоқ, комсомол қатарына кірген соң, алғашқы жырларын Ленинге, партияға, Отанға арнамағаны жоқ.

Қ. Аманжолов:

Өмірге кірдім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден;
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағы қату түксінген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін,
Әкем боп тапты сол кезде
Советтік менің өз елім! —

десе, дәл осыған мазмұндас өлеңдерді Ғ. Ормановтан, Т. Жароковтан, Ж. Саиннан, Д. Әбілеутен, тағы басқа ақындардан оқуға болады. Бұлардың марқайған соң оқыған білімдері де шамалас, әдеби мектептері де ортақ, балапан жырларымен ұран сала кірген майдандары да бір майдан. Республиканың әр түкпірінде әлі бірін-бірі көрмеген жастар алыстан атой салады, алыстан үндесіп, алыстан тілдеседі. Ал жырламақ болғандары — сол жылдардың шындықтары. Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілиястар көтеріп жатқан тақырыптар.

Алдағы ағалары сияқты Қ. Аманжолов та құрбыларымен бірге жаңа дәуірге, жаңарған еліне ғашық: күйреген көне дүниеге өшіге қараса, тыңнан көктеген өмірден, іргесін берік көтере бастаған социалистік құрылыстан қызыққанкөзін ала алмайды. Кейде қаламымен жазуға үлгірмейтіндей, қарт аталарынша домбыраға қосылып та төгілгісі, ағылғысы келеді. Көзін ашқаннан қанықтырған халың жырлары өзінің ескі күйі, кәрі толғағымен жас ақынның да шабытына қанат байлай береді. Бақыт тапқан жесір анаға, ұя тапқан жетім балаға, теңдік алған кедейге, білім-өнер тапқан жас құрбыларына барлық шаттық сезімін, барлық түсініп-білгенін дауыстап айтып беруге тырысады. Сәби үні — әлі әлсіздеу, сәби ойы — әлі балаусалау, бірақ барынша ұғымды, барынша айқын, әрі кіріп, бояуы жетісіп болмаған жыр жүрегінің соғысы қатты, ысуы өткір. Жыр тыңдағысы келгендер еріксіз мойын бұрады, еріксіз аялдап құлақ тосады: «Апырым-ау, мынау бір жақсы лебіздің басы ғой», — деседі. Сол балауса ақын Қасым Аманжолов еді.

Қасымныңөзі жазған толық өмірбаяны жоқ. Сондықтан ақын өмірінің ұзын-ырғасы (кейбір жолдастарына айтылған детальдары болмаса) ғана мәлім. Аманжолов қайтысболғаннан кейін шыққан үш томдықтың соңғы кітабында Е. Ысмайыловтың естелігі басылған. Осы естелік Қасымныңөмірбаяны мен жазушылық биографиясының алғашқы қаланған іргесі сияқты. Біз де әзірге осы деректерге сүйенеміз.

Қ. Аманжолов Қарқаралыда туған, әкесі Рахымжаннан жастай жетім қалған. Ауылда хат тани бастаған соң оны 1923 жылы ағасы Ахметжан Семейдегі бастауыш мектепке түсіреді. 1924 жылдан 1926 жылға дейін Қасым сол қаладағы интернатта тәрбиеленген. Бастауыш мектептен соң ол Семей мал дәрігерлік техникумына түсіп оқиды да, орысша сауаттанады, орыс әдебиетімен танысады. 1930 жылы Қасым «Лениншіл жас» редакциясында істеген; бірсыпыра өлеңдерін бастырған. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түседі, бірақ денсаулығы жарамаған соң Оралға келіп, «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке тұрады. Талапты да талантты жас Оралдағы жас құрбыларына қозғау сала, жылу бере келгендігін, жырымен, әні-

мен, домбыра, скрипка, пианино тартатын әдемі өнерлерімен жұртшылық назарын өзіне аудара білгенін сол кездегі көңілдесі — жазушы Ж. Тілеков, тағы басқалар айтады.

Қ. Аманжоловтың поэзиямен қатты бір шұғылданған тұсы — осы Оралдағы шағы. Онда жазған өлеңдері мен аудармалары 1938 жылы шыққан «Өмір сыры» жинағына кірген. Қасым 1936 жылдан бастап — Е. С. Ысмайылов, Қ. Бекқожин, Ғ. Орманов, Қ. Сатыбалдин, Ж. Саин, Д. Әбілев, А. Жұмағалиев сияқты ақын-жазушылармен табысады, жақсы өлеңдері көбірек жарияланған сайын қазақ поэзиясының көрнекті ақындарының біріне айнала бастайды. Одан кейін таза әдебиет жұмысында болып, бірнеше газет редакцияларында қызмет істейді, Ұлы Отан соғысына қатысады. Қ. Аманжолов өмірінің ұзын-ырғасы осылар.

Қ. Аманжолов өз шығармаларымен қоса орыс, батыс классик ақындарынан — Некрасов, Байрон жырларын аударды. Бірақ әрі оқып үйрене, әрі еңсесін сала еңбектенгені — Пушкин, Лермонтов, Маяковский шығармалары. Пушкин мен Лермонтовты қазақшалауда Абай талантының қаншалық нәр тапқанын, өнер артылдырғанын сүйіп айтатын болсақ, Қасым туралы да солай сүйіп айтуымыз керек. Бұдан қазақтың өзге ақындары үйренбепті, нәрленбепті деген мағына шықпасқа керек. Бірақ солардың ішінде, Қ. Аманжоловтың алғырлығы мен үйренгіштігін ерекше бағалауға тиіспіз.

Қ. Аманжолов драматургия және әдебиет сынына да қаламын тартып жүрді, бір жағы, үнемі газетте істеп жүргендіктен очерк, әңгімелер де жазды. Бірақ олары көркемдік жағынан шираған, піскен нәрселер емес-ті. Поэзиямен неғұрлым терең шұғылданған сайын, ақын өзге жанрлардан, әсіресе, газет үшін жазатын очерк, әңгімелерден біртіндеп суи бастайды. Сондықтан ақынның мұндай жазбалары оның алғашқы жылдарына, редакцияларда істеп жүрген кездеріне ғана жатады.

Ал драматургияға оның көзқарасы тіпті өзгеше еді. Ересек тарта бастаған сайын Қ. Аманжолов драматургияға ақын болып қосылуды ұната бастаған. Бала шағынан сценә өнеріне араласқандықтан, қазақ драматургиясының шабытпен жазылған, поэзиясы басым жақсы шығармаларына қызыққандықтан әуелі әуестік көрсетсе, кейін өз бойынан драмалық таланттың барлығын аңғарды. Оның үстіне өзіне ұстаз тұтынған Пушкин, Лермонтов, Маяковскийдің де драмалық шығармаларымен танысты. Лермонтовтың «Маскарадын» аударуы да соның нәтижесі болатын. Қасымның то-

дың ашылмай, өріс таппай кеткен талантын оның жұмыс арасында шапшаң жазыла салған шағын пьесаларымен, бітпей қалған либреттосымен дәлелдеу қиын. Ал поэзиясы арқылы әбден дәлелдеуге болады: өлеңдерінде, әсіресе «Бикеш» атты сатиралық поэмасында тамаша диалог үлгілері бар. Ал «Абдолладағы» герой монологтары қуаттылық, оттылық жағынан, адам мінезінің атомша жарылуы жағынан Гамлет монологтарымен теңдеседі. Поэманы оптимистік трагедия деп бағалауымыз да сол үшін. Ондай монологтар біздің өзге поэмаларымызда, тіпті ең жақсы деген пьесаларымызда да жоқ. Мұндай мысалдарды оның қысқа өлеңдерінен де келтіруге болады. Бірнеше сцена үлгісінде жазған нәрселерімен қатар Қ. Аманжолов өлеңмен бастап, бітірмей кеткені — «Хорлығайын» либреттосы. Ол Естайды, оның әніне байланысты Хорлығайын есімді қыздың драмасын алмақ болған. Шығарманың композициялық құрылысы, оқиғаны өрбіту, қатысатын адамдардың экспозициясын жасаудағы орашолақтың көп-ақ. Мінез, тіл жағынан да қызықтыра бермейді. Бірақ, сол шалағай дүниенің өзінде де Қ. Аманжолов талантын жарқ еткізетін тамаша бір өзгешелік еріксіз сүйсіндіреді. Алайда Қ. Аманжолов үлкен драмалық талантын поэзиясында танытса да, әдебиеттің драматургия жанрында көрсете алмай, толық ашылуына үлгірмей үзілді.

Қ. Аманжоловтың сыншы-әдебиетшілігі де осы дәрежеде. Ол әдебиет ғылымымен терең шұғылданып, молырақ қарулануға үлгірген жоқ. Жасында білімі жетіспесе, марқайғансоң оған уақыт таппады, поэзия жайында пікірімді айтып отырайыншы деп те ойламаған болу керек. Бірақ, ақын жасы толыққан, өнері артылған сайын поэзияның ұйымдастыру, шығармалық талдау-талқылау жұмыстарына араласпай отыра алмады. Қаулап өсіп келе жатқан жастардың талаптылары Аманжоловпен тікелей қатынасып, үйіне барып өлеңдерін көрсетсе, жүздеген жастар хат арқылы байланысып жатты. Оның үстіне газет, журнал, баспа орындары, әсіресе поэзия туралы өткізілетін мәслихаттар, Қ. Аманжоловтың қатынасуын абырой тұтылатын болды. Осының бәрі де заңды, орынды еді. Осылардың үстіне культ тұсында «көгерген» шеңгелдей тырнағыш-тікенек сыншылар, әуірім алып қашпалар ғажайып ақынға үздіксіз соқтыға береді де. Қасым оларға оқтын-оқтын жауап қайтарып отырды. Соларының өздерінде де үлкен жазушыға лайық ірі айтылған пікірлер бар. Қ. Аманжолов рецензиялары мен мақалаларында ең алдымен әділ пікір айтуға, ойлаға-

нын жасырып қалмасқа тырысты. Одан соң шығарманың идеялық айқындығына, көркемдік нақтылығына көбірек зер салатын. Жаман өлеңді «жаман» деп, күйіп-пісіп тіке айтатын. Ақын ең жақын достары Д. Әбілев, Қ. Бекхожиндердің жеке шығармаларында кеткен ұқыпсыздықтарды қатты сынады. Ойға құрылмай, құрғақ сөзге құрылған ұзақ құрғақ толғауларға қарсы екенін айтты. «Өлеңде, — деді Қасым, — ой мен сезім, ақындық тіл бірдей болу керек; біреуі жоқ болса, ол өлең жарымжан. Ал біздің кейбір ақындарымыз осы үш қасиеттен түгел безіп, саудыраған сөздерді жіпке тізіп жүрген болса, өзін-өзі алдағандығы деп білу керек»², — деді. Аманжоловтың мұндай ойлары тіпті ертеден айтылып келеді. Қасым 1938 жылы жазылған «Көп оқып, үйреніп, жақсы жазайық» деген шағын мақаласында замандастар көңілін оқуға көбірек бөледі. Білімсіз таланттың көгеріп, көктемейтінін, ойдағыдай жеміс бермейтінін басып айтады. Ол былай дейді: «Біздегі бір қалмай келе жатқан жаман әдет — қалай болса солай құрастырылған, аяғы үйлестірілген қара сөзді өлең деушілік. Өлеңнің қасиеті — оның аяғының үйлесуінде емес, мазмұнында, іші-сырты бірдей келген көркемділігінде екенін ұмытпау керек»³.

«Өзім туралы» атты өлеңінде ол:

**Құя алман үгітілген балшық өлең,
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен,
Серінің семсеріндей сертке таққан
Өлеңнің өткірін бір алшы менен, —**

деген. Ақынның поэзияға түйіп айтқан көзқарасының бірі осы. Сондықтан ол жазған кіші-гірім мақалаларында да, сөйлеген сөздерінде де кілең осы тұрғыдан келеді. Оған бірінші туыс та — поэзия, бірінші дос та — поэзия. Ол поэзияны ешқашан да я беделге, я көңіл жақындыққа айырбастап көрген емес. Қасым — өлмес өлең көп туса екен дегенді қатты тілеген, арман еткен ақын.

Қ. Аманжолов ара-тұра әдебиет тану ғылымының да кейбір мәселелерін қозғап отырған. Ескі мұраны зерттеу, халық ақындарының шығармаларын тану, Абай, Жамбыл жырларының орысша аудармалары туралы айтқан пікірлері де бар.

² Үшінші том, 1956, 188-бет.

³ Екінші том, 288-бет.

Қасым жастарға, жақын достарына өлең мәселесінен жәрдем бергенде дерексіз әңгімелер соқпай, дәл айтатын, қолма-қол жәрдемдесетін. «Мына шумақ дәрменсіз, мына сөз жансыз» деп шұқып көрсеткені талай жолдастарының есінде. Қасым барлық жазған мақала, рецензияларында үнемі батылдық туралы айтады. Өйткені ол өзі батыл, өзі батыр еді. Өткір сезімді жан тез түйсігіп, тез түйетін. Оның ұсақты ірілендіріп, алысты жақындатқыш қырағы көзі құбылыстарды дәл тануына, сол танығандарын дәл айтуына, батыл айтуына мүмкіндік берді. Ол өз өлеңін де, өзгенің өлеңін де музыкалық үн ретінде қарап бағалайды. Бұл, әрине, үлкен ақындарға ғана бітетін қасиет. Сондықтан да ол бір қарап жібергенде-ақ өлең шумағын барлық жағынан тұтас аңғарады. Әрі ақын, әрі композитор болып қабылдайды да, табан астында кесім айтып, жетпей тұрған сөздерді жеткізіп, қалауы келіспегендерін келістіріп жібереді.

Қ. Аманжоловтың поэзия туралы ойлары кілең осылай, өзінің ақындық шабытымен байланысты айтылып отырады. Оның берген бағаларындағы кесіп-пішкіштік, жақтырмағандарын аямай мінегіштік те Қасымның осы өзгешеліктеріне, аса дарындылығына байланысты. Оның бойында аса дарынды импровизатор ақындардың сапасы да мол болатын. Дүниеге әрі ақын, әрі музыкашы боп келген, оның үстіне ауылдағы жыршы, жыраулардың дәстүрінен еркін қаныққан домбырашы Қасым тап келіп қалған ойларын сол мезетте-ақ өлеңге айналдырғыш еді. Сөз ырғағы мен музыка ырғағы бірдей қозғалғандықтан бар нәрсе оған жыр түрінде ғана танылатын. Сондықтан ол өлеңмен айтуға бейім тұратын.

«Жазба ақындарының көпшілігі-ақ қолма-қол шығарып айта алмайды, — дейді Г. Сланов, өзінің естелігінде, — ол болса домбыра қолына келгенде, мүлде біртүрлі арқаланып, кішкене Қасымның тұлғасы зорайып кететін. Тіпті жай жүргенде де бірер өткір сөзін тақпақтап, оп-оңай-ақ тастап жіберетін. Тал бойы толған күйлі сөз, өлең еді»⁴. Сланов өте дәл аңғарған. Қасымның табанда суырып айтыпты деген өлеңдері ауыздан ауызға көшіп жүреді. Мұндай өлеңдерінің жиналмағандары да аз болмасқа керек.

Қасымның музыкашылдық таланты оның өзі жазған әндерімен де танылған. «Дариға», «Туған ел» атты өлеңдері бүгінгі жақсы әндер тізіміне қосылады. Музыкалық сауаты пәлендей көп болмағанымен, Қасым өз кеудесінен туған

* Үшінші том, 474-бет.

әуенырғақтарын нотаға да түсіре білетін. Өз өлеңіне өзі ән шығаруды олөте қызық көретін.

Түбі бір, туысы бірлердің де өрісі бөлектенеді, әркім өзінше қоныс табады. Сол сияқты поэзия майданында да бірге туғандай, бір үнмен туғандай Қасымға құрбы топтың ақындары да есейген сайын ақындық өрістерін бөлектеп, өздері жайлы көрген қоныстарына үдере берді. Идея, идеал бір болғанымен, талант мөлшері, өсу жолдары әртүрлі ғой. Сапардың да сәтті, сәтсіздіктері ауысып келіп отырады. Біреулер қиын жолдарда тоқырап, көгі таусылған күздеуде қалса, біреулер әріректен — алысырақтан дұрыс болжап, жаңа, соны қоныс табады. Қасымның көрген қиындығы аз емес. Әртүрлі себептермен ол да өсу жолында қысылшаң күндерді басынан кешірген. Бірақ өмірінің ұзақ болмағанына қарамастан, өз көшін поэзиямыздың жасыл жайлауына жеткізген ақын. Біз оны Қ. Аманжоловтың өлеңдерінен және поэмаларынан анық көреміз.

II

Қазақ совет лирикасының тарихы жеке ақынның шығармасымен түгел қамтылмайды. Лирикамыздың алғашқы жылдарынан бастап бүгінге дейінгі дәрежесін тұтас шолсақ, көп үнді, көп тілді, көп бояулы, біріне-бірі ұласқан бірнеше буындардың бірлескен еңбегін көреміз. Қазақ поэзиясында социалистік реализмнің басталуы мен қалыптасуы осы бірлескен еңбектің ұзақ уақыттағы тарихи даму процесімен тығыз байланысты. Октябрь революциясы әкелген жаңа поэзия жас социалистік өмірмен егіз туады да, сол өмірдің жыршысына айналады. Бірақ бұл бірден-ақ берік қанаттанды, биіктерге оңай көтерілді деген сөз емес. Көркем өнердің басқа салалары сияқты поэзия да алғашқы күннен бастап көркемдік табу, шеберлік арттыру жолында іздену жорығын бастады. Күн сайын өрлеп бара жатқан совет халқының жауды талқандаған, ескілікті күйреткен, жаңа өмірді қолдан жасаған қуаты, оны бірде мылтықпен қарулантса, оған ілесе біліммен, техникамен қаруланған сыртқы тұлғасы, көңіл көзін тапқан сана-сезімі, жаңғырған ішкі қарнамандығы, соларға байланысты уақыттың шапшаңдауы, рухтың қанаттануы, пафосқа толы еңбек екпіні мен ырғағы, жаңару-жасару мен күйреу-жоғалудың арасындағы тартыстардың қуанышы мен трагедиясы поэзиямызға да қатты қозғаусалды. Іздену деп поэзияның осы дәуірге лайық мазмұн, түр табу, дәуір рухын табу жолындағы қозғалысын

айтамыз. Осы қозғалыстың өз бойына, өз тарихына жарасымды, үзілмей дамып отырар, дамыған сайын молайып, күрделене түсетін, белестерден белестерге көтерілетін, өзіндік қасиеті бар. Оның аты — дәстүр — совет поэзиясының ұрпақтан ұрпаққа, буыннан буынға ауысып отыратын дәстүрі — көркемдігі көтеріле беретін поэзиядағы лениндік идеология. Бұл дәстүрдің ғажайып табыстарын барлық ақындарымыздың топталған еңбектерімен де, олардың ішінде үздік шыққан жеке таланттардың еңбектерімен де растауға болады. Өйткені үздік ақындар дәстүрді қабылдаушы ғана емес, оны дамытушы, байытушы, оған өз үлесін қосушы, сөйтіп, эстафетаны кейінгі ұрпаққа ұсынушы. Тағы да қайталаймыз: лирикамыздың үлкен тарихы жеке ақынның шығармаларымен түгел қамтылмайды. Сонымен бірге дәстүрге үлес қосқан, поэзиямызға белгілі ықпал жасаған жеке ақындарсыз тарих та толық бола алмайды. Қазақ совет лирикасындағы сондай ақындардың бірі — Қасым Аманжолов.

Қасымның лирикалық поэзиясын бөліп алып тексергенде, біз оның өрлеу эволюциясын, жаңа мазмұн, жаңа сапа табу басқыштарын тани білуіміз, таныта да білуіміз керек. Ақынның алғашқы дәуірінен бастап, ең соңғы биігіне қалай шыққаны дәлелденбесе, әдебиет ғылымы ақынды зерттеген бола алмайды. Сондықтан шөлі зерттеу жұмысымызды жеңілдету үшін Аманжолов лирикасын бірнеше салаға тақырыптық жағынан бөлеміз де (әрине, шартты түрде), әрқайсысын даму тұрғысынан үстірт болса да байқап көреміз. Олар: еңбекке арналған жырлар; ұлы оқиғалар және ұлы адамдар туралы жырлар; махаббатқа арналған жырлар; жаратылыс туралы жырлар; ой толғағы, мысқыл, юморлар.

30-жылдың басынан аяғына дейін Қасым да, оның құрбы достары да еңбек тақырыбын жырлаудың сан түрлі қиыншылықтарын бастан кешірді. Бостандық алған совет адамының жерге, еңбек құралына ие болу қуанышы қай ақынды болса да қуантпай, толғантпай қалған жоқ. Бірақ еңбекті жырлау — еңбеккерді жырлау, оның жарқырай түскен санасын, байи түскен сезімін жырлау екенін шығармалық жағынан толық меңгеру өте қиын еді. Жастық, тәжірибесіздік, білімнің шағындығы, әсіресе күнделікті өмірден қалмай, уақытта үлгіру міндеті тереңдеуге бөгет жасады. Тіпті Сәкен, Бейімбет, Сәбит, Ілияс сияқты аға ақындардың жақсы үлгілерінен үйренудің өзі оңай болған жоқ. Оның үстіне, осы аты аталған аға ақындардың өздері де іздену,

ындайды. Еңбекті, еңбек адамының шалқыған творчестволық шабытты қимылын керекті дәрежесінде жеткізе жырлау ешкімнің де қолынан келген жоқ. Ол ешуақытта шегіне жетіп болмайтын, уақытпен бірге ілгерілей, күрделілік таба беретін мәңгілік жас тақырып. Қасым туралы да осы сөз айтылады. Бірақ, Аманжолов еңбек адамын көтеріңкі жырлаудың кілтін тапқан ақындардың бірі. Ол үшін ақын әуелі поэзияның өзі еңбек, шабытты еңбек екенін дұрыс аңғарды. Ол 1940 жылы Маяковский туралы жазған «Ақын» деген өлеңінде:

**Ескі дүние есігін теуіп ашып,
Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып,
Босағада тұрмады, төрге ұмтылды
Бұзып-жарып, еңсеріп еркін басып, —**

деді.

Бұл, әрине, құр өжеттікті жырлау емес, бұл жаңа адамның, өмірге қожа адамның келбеті. Ол ескі дүниені талқандай кіргенде, жаңа өмірді жақсылап, әсемдеп жасау үшін кіреді. Оның ақындық еңбегі нағыз жұмысшы адамның еңбегінше суреттеледі:

**Өлеңді ол жазушы ед бұрқыратып,
Қанжардыда тұтушы ед, мылтық атып,
Көрікті де басушы ед — күмпілдетіп,
Балғаны да соғушы ед, тасты уатып.**

Мінеки, еңбек адамын жырлауға кілт табу деген осы. Біз бұл өлеңде Қасымның іздене жүріп Маяковскийден ақындық, шеберлік үйренгенін, оның құдіретті рухымен қарулана бастағанын да көреміз. Біз бұл өлеңнен — совет адамының еңбектегі образы батыр тұлғалы, өр мінезді, арманшыл романтик, шебер новатор, бай интеллект болу керек екенін де көреміз.

Еңбек салтанатын серпіле, ерекше бір қарқынды күймен жырлаған өлеңдерге «Қазақстан», «Сауыншы жеңгейдің жыры» сияқты тағы бірсыпыра жырлар жатады. Солардың ішіндегі ең биігі 1952 жылы жазылған ғажайып өлеңі «Коммунист».

**Ойында бүкіл дүние сәулелері,
Көз нұрын алдай алмас құбылыстар, —**

деп сипатталатын коммунист жігіт те еңбек адамы. Бұл атсыз жігіт кешегі тракторшы Темірбек болуы да мүмкін. Қазіргі Нәзипа да осы дәрежеге көтерілген болуы керек.

Адам қандай іріленген, қандай нұрланған, **қандай** бақыт тапқан!

**Әкендей, бауырындай қуанады
Көрсен егер жарқ еткен бір өнеріңді.**

Жағыну— оның жанына жат, ешуақыт саспайды ешуақыт та таспайды, бойында мың киловатт қуаты бар, өзі бір электр станциясындай:

**Көреді өз үйіндей байтақ елді,
Демейді «анасы кім, мынасы кім?»**

Бүкіл совет адамына тән даналық, қарапайымдық түгел бір адамның бойына жиналғандай. Бұл жігіт қалай өскен, қалай асылдық тапқан, қалай мінсіз жетіккен? Ақын бұл сұрақтарға да жауап береді:

**Алдында «Эмпирикритицизм,
Көргенмін нұр толқыған ойлы жүзін...
Өзі оқып, өзгені де оқытады,
Жігіттің ұнатпайды білімсізін.**

Өзі де оқиды, өзгені де оқытады. Жақсылыққа бастайды, жұрттың жанын сәулелендіруге жарық шырақ ұсынады. Мінеки, не үшін, қандай биік мұраттар үшін өмір сүретінін білетін адамның бейнесі осы. Ақынның дәуірмен бірге өскенін, ғасырдың озат адамдарына айналғанын, алдынан «эмпирикритицизмдердің» кетпегенін көрсететін де осындай өлеңдер.

Ұлы, тарихи оқиғаларға өлең арнау бүкіл совет поэзиясының салты. Демьян Бедный, Маяковскийлерден бастап, барлық ұлт ақындары үнемі жазып отырған. Бізде Сәкен, Сәбит, Бейімбет, Ілияс, Асқарлардың көптеген шығармалары бар, олардың ішінде өте жақсылары да кездеседі. 1 май, Октябрь революциясы, 8-марттарды жырлау, ілгергі тілмен атағанда, пролетариат поэзиясының дәстүріне айналған. Сәбит Мұқановтың «Майға сәлем» деген жақсы өлеңі кезінде «Известия» газетінде басылған, кәзір де өзінің көркемдік құнын кеміткен жоқ. Бұл дәстүрді екінші буынның ақындары да қабыл етті. Сол буынның ішіндегі Қасым да алғашқы ақындық шығармаларының бірсыпырасын осындай тақырыптарға арнаған (1931 жылы «Өркендей бер, отаным», «11 жылда», 1932 жылы «Октябрьдің тойына» «Жаса», одан кейінгі кезде «Ұлы Октябрь», «Испания ұрпағына», «12 декабрь», «Толғау»).

Әлі өнер тауып үлгімеген ақындар көбінесе халық шығармасының термемен жазылатын жыр үлгілерін алады. Сондықтан оқиғаларды баяндау түрі де сол маңайдан аспайды. Әуелі халықтың бұрынғы өмірі сөйленсе, содан соң кейінгі бостандық заманындағы жаңа өмірі сөз болады, өткен мен жаңаның контрастық мағынасы салыстырылады, ең ақыр аяғында қолымызды жеткізген революция дегендей түйін айтылады. Бірінші буынның ақындары да көп жырларын осы дәрежеде жазған. Олардың кезеңдерді шолитын ұзақтары поэма деп те аталатын. Қасым да өзінің басқа құрбылары сияқты осы мектептен өтуге тиісті болды. Ол да «Ұлы Октябрь» атты толғауында бұрынғы заманды:

Суалғанда айдын көл,
Қуарғанда шалқар бел
Ол бір күн, ол бір заман, —

деп бастаса, одан кейін:

Күндерде күн болғанда,
Кеудеге зіл толғанда, —

деп, революция күндерін қоса, одан бергілерді баяндап кетеді. Қазақстанның он бір жылдығын құттықтағанда:

Міне олжа,
Он бір жылда
Шыққан ұлы жарыстан,
Жасаса, жаса
Жылдан жылға
Социалды Қазыстан, —

деп, Сәкен ырғақтарына да басып кетеді. Поэзияға Сәкен орналастырған «қазыстан» деген сөзді де құштарлана қолданады.

Комсомолдың X съезіне, Октябьдің 15 жылдығына арналған өлеңдер де дәл осы үлгіде. Талап, тілек түзу. Толғаулардың ішінде шалқып кететін тұстары да жоқ емес. Кейде сөздер әдемі үндестік тауып, шебер қаланып, ыстық сезімдерге оранып та шығып отырады. Әйткенмен бұл өлеңдерде әлі Қасым жоқтұғын. Ол дайын конон көлемінде, оқиғаларды шартты өлеңдермен жырлайтын, сол кездегі жақсы орныққан, бірақ он жыл бойында дамымай, көнере бастаған дәстүрден шықпайтын. Бұл да ақынның өсу жолында бастан кешірген бір қиыншылығы еді. Әңгіме бұл жерде ақынның қалыптасқан дәстүрде жазуында емес, сол дәстүрді жаңғыртуда, оған жаңа қан, жаңа от қосуда ақынның ерек-

ше новаторлық көрсетуінде. Қасым бұл жағынан да ең ірі ақындарымыздың бірі. Ол 1939—40 жылдардан бастап яғни ақындық шабытқа ақындық мәдениет қосқан жылдарынан бастаптың өнер тапты. Тарихи оқиғалардың бір кезеңі Ұлы Отан соғысы тұсы десек, сол тұстағы Қасым өлеңдерінің күш-қуаты әмбемізге белгілі. Қасым осы сияқты, ішкі драмасы мол тақырыптарды айтпағанның өзінде, мейрамдар тақырыбына да ерекше әсем жырлар жаза алатын болды. «Май келеді» қалай басталып еді?

**Май келеді! Май келеді, май сұлу
Көк алаңда қанаттарын жайды ту!**

**Қақпаларға қонды қызыл жалаулар
Май келеді! Ерте тұрып қарандар..
Бұл өлкенің таңы неткен арайлы!
Адам түгіл тас күлімдеп қарайды.**

Жыр осылай басталған, осылай аяқталған. Не деген қуат, не деген сиқырлық! Үлкен қанатты майдың жалаулары қандай көп! Соның бәрі біздің жүрегіміздің құстары, біздің жанымыздың сәулелері емес пе? Мұндай майға тас та күлімдеп қарауға міндетті. Суреткер ақын май айының барлық бояулары мен жылуын түгел сөзіне жинап алғандай: жасыл жайсаң дүниеге қып-қызыл ту ғайыптан түсіп жайылғанда, оның балапандарындай жалаулары қақпаларға келіп қаптай қонады. Соған мөлдіреген көк аспан, жарқырап шыққан жаңа күн қосылғанда әлем әсем бояу, әсем үндерге лық толғандай, сыңсып кеткендей. Соларға күлімдеп қараған көп көздер, ақын көзі тағы бар. Сонда зор дәуірдің, салтанатты отанның тамаша бір күні жалт етеді, оқушы ішінен бақыт гимнін айтқандай сезінеді. Осы жерде май туралы бұрынғы жазылғандарды (Қасымның өз өлеңдерін қоса) еске алсақ, ол өлеңдердің I майдың тарихын ұзақ термелеп баяндап жатқанын оқысақ, ақынның қаншалық өскенін, қаншалық ірілегенін тағы бір рет айқын көреміз.

Ұлыадамдар, ерлер туралы жазу әдебиеттің ежелгі салты. Пушкиннің Петрді жырлағандары, ұлы замандастарына арнаған өлеңдері, Маяковскийдің Ленин туралы өлеңдері мен атақты поэмасы ұлылықты жырлаудың поэзиядағы тамаша үлгілері.

Бірақ 20-жылдардан бастап, 30-жылдан аяғына дейінгі қазақ поэзиясының жастығына тән бір өзгешелігі бар. Ол — лирикамыздың жиырма жыл бойында (әсіресе, екінші буын ақындарының) фольклорлық шеңберден шыға ал-

мауы, ПОЭЗИЯ шығармаларының көп планды, көп бояулы күрделілік таппай, таңырыптарды бөлектеп, схема түрінде жазылуы. Мұны Қасымның еңбекті, оқиғаларды жазған өлеңдерінен қандай көрсек, ұлы адамдарды жырлаған өлеңдерінен де сондай көреміз.

Бұдан халық ақындарының жырларын қадір тұтпай-тындай мағына шықпауы керек. Олар өз дәстүріне өздері берік. Олар өз табиғатына сай жыр құралдарының барлық түрлерін шебер жұмсап кеткенде сөз селінің, сөз қуатының, оның тапқыр теңеулерінің күшті әсерлерінен керемет нәренеміз.

Жамбыл, Нұрпейістердің қасиеттері де осы жақтарында. Бойымызға ана сүтімен бірге сіңген бұл дәстүр, көп жылдар бойында, бір жағынан, жыршылыққа баулыса, ақындыққа үйретсе, екінші жағынан, өзінің қалыптасқан шеңберінен босатпай келді. Соның рақаты мен бейнетін Қасым да қоса тартты. Бұл да ақынның өзін табу жолындағы көрген қиыншылықтарының бір саласы еді.

Қасым «Ленин» атты өлеңін толғау үлгісінде жазған. Соның бір жерінде:

Халық барда — Ленин бар,
Деген бізде сенім бар.
Сенімі күшті елім бар,
Елім барда — Ленин бар, —

деп шешен де шебер тақпақтап кетсе, енді бір тұсында:

Дүние — дүние болғалы,
Жаралғалы жер мен көк.
Өмірден орын алғалы
Арғы атамыз адам боп, —

деп, әрсіз созбаққа салынады. Ол:

Қапыда қаза тапқан асыл ерім,
Қамалға қол бастаған кемеңгерім, —

деп Кировты жазған.

Отыр едім жазып шаттық өленді,
Ойда жоқта радио күңіренді, —

деген екі жолымен «Серго тірі» атты өлеңін бастаған. Қ. Аманжолов Горький өлген жылы да ұлы жазушыны:

Горький — күн, заманына нұрын төккен,
Горький — гүл, гүлдендіре ұрық сепкен, —

дейтін дәрежеден артыла алмаған. Мысал келтіре берсек мұндай өлеңдер толып жатыр. Чернышевский, Чкалов, Стальский, Нүрпейіс, Жамбылдарға арнаған өлеңдері де осындай.

Біз жоғарыда кемшілік деп саяси өлеңдеріміздің фольклордың қалыптасқан түрінен шыға алмағанын айттық. Бұл, әрине, поэзияның сыртқы түріне: өлең өлшемі, сөз кестесіне де жатады. Бірақ мәселе жалғыз онда емес, одан тереңіректе. Ол тұстарда саяси тақырыптарға жазуды (енбек ұлы мейрам, ұлы адамдар туралының бәрінде де) саясатты тікелей өлеңге айналдыру деп ұғындық. Өйткені әлеуметтік құбылыстармен құрылыстарды тану, қабылдау дәрежеміздің өзі сол халық ақындарының дәрежесінде еді. Бұл жерде халық ақынының талантына бас ие отырып, оның қара шаруаға тән психологиясын, оның жаратылыс және әлеуметтік құбылыстарға көзқарасында терең ғылымдық негіз жоқтығын айта кетуіміз керек.

Сауатсыз адамға, дүние тануда көне ұғымдардан шықпаған адамға ұлы сырлардың көбі жұмбақ. Кеңістік деген көлем жағынан 40—50 километрден артпайды, жер — әлем деген мағынада ұғылады. Космос күдіреттің ісі, тағдыр маңдайға жазылған нәрсе, өмір де сол тағдырдың ұйғарғаны. Қысқасы, көзбен көріп, қолмен ұсталатын, тәжірибеде күнделікті кездесетін нәрседен басқа ұлы құбылыстардың бәрі де олар үшін түгел танылып, терең ұғынып болмайтын құбылыстар.

Сондықтан да олар революция сияқты тың тақырыппен кездескенде өз тұрғыларынан жырлады. Революцияның күрес процестерін, ондағы Лениннің көсемдігін Маяковский поэма етсе, халық ақыны революцияның езілген халыққа не бергенін тізіп айтады. Кеше езілгенін, жылағанын, бүгін қуанышқа, күлкіге жеткенін, теңдік тигенін, жерге, малға қолы жеткенін статикалық түрде айтады. Ал революцияны бастаған Ленин оқ өтпейтін батырға, қанаты талмас қыранға, кейде мифтік геройларға теңеліп кетеді. Осының өзі шебер жырланған халық поэзиясы үшін ірі жаңалық, ілгерілеу болатын да, бірақ жазба поэзия үшін, алғашқы дәуірде осылай бастау заңды саналғанымен, ұзақ жылдар бойы бұл сияқты тар шеңберде қалу «ұлттық өзгешелік» емес, өспеу, мимырт қимылдау белгісі еді.

Бұл мезгілде культтің әдебиет пен көркем өнерге тигізген зардабы белгілі: барлық табыс пен барлық жеңісті бір адамның ғана қасиетіне телу, ұлылық сипатын бір кісіден ғана іздеу, сол сипатқа табыну — әсіресе, шығыс ұлт рес-

публикаларында, классикалық жазба әдебиеттің дәстүрі берік орнап болмаған елдерде көбірек орын алды. Қазақстанда ақын еңбегіне баға беру ресми орындардан бастап, әдебиет сыншыларын қоса — осы культ мезгілінің тұрғысынан сөйленетін болды. Лирикалық поэзияға тән ақын сезімінің түйсіктері, ақынның өз мені арқылы оқушымен тілдесуі, махаббат, қуаныш, қайғылар жайында сырласуы жатидеологияға телінетін дәрежеге дейін жетті.

Қасым көп оқып, көп ізденген, ақын еркіндігін іштей терең сезініп, тар шеңберден тезірек босануға батыл ұмтылған үлкен талант қатты бұлқынды. Ол поэзияның кононға айналған, өте-мөте культ тұсында мызғымастай көрінген түрін бұза бастады.

**Ішім пысты жалықтым,
Жүре алман енді аялдап,
Кенде қаппын, жаңа ұқтым
Не болса соған аялдап.**

**Өткен күннен белгім аз
Беттегі әжім болмаса,
Шимайлаппын көп қағаз
0-дағы бір далбаса, —**

деп, 1940 жылы жазды Қасым. Бұл өлеңінде көп мән барды. «Осы жолдарда Абай рухы аңқып тұрған жоқ па? Мұны жас ақын жазды деп сенудің өзі күш»⁶, — дейді Тәкен Әлімқұлов.

Кәрінің жасқа, ұстаздың шәкіртке жасаған ықпалын зерттеу де ғылымның міндеті. Бірақ әңгіме Қасымның Абай рухын жап-жас күйінде қабылдауында емес, неге қабылдауында. Неге? деген сұраққа жауап тапсақ, оған сену де күшке түспеске керек. Онда ақынның ауыр толғақ, жан күйзелістері үстінде жазған мәнді шығармасын салмақты бағалаған боламыз. Қасым, бір жағынан, культті дәріптеушілердің бірі өзі бола отырып, екінші жағынан, сол культ зардабына наразылықтарын ащы, сатиралық өлеңдерімен сынады. Ол 1938 жылдың өзінде-ақ белгілі өлеңі — «Сұлтанмахмұт туралы балладасын» жазды. Объективтік шындықты айтпай отыра алмады. Екі адам: бірі жас ақын, екіншісі Сұлтанмахмұтты жау деп танитын әдебиетші оның қабірімен айтыса барады. Екеуінің көзқарасы қарама-қайшы.

⁶ Бірінші том, 1955, 13-бет.

Бірі айтты: — Сұлтанмахмұт тірі, —
деді,
Мәңгілік өлмес жанның бірі, — деді.
Қазақтың кең даласын аралап жүр
Өзіндей өжет оның жыры, — деді.

Бірі айтты: — Қателеспе, өлген, — деді,
Жырын да, өзін де оның көмген, — деді.
Болған соң өзі дұшпан, өзі арам
Тарихқа жазып солай бергем, — деді.

Осы уақытта қабірден Сұлтанмахмұт шыға келеді. «Өлгем жоқ!» — дейді ол дауыстап. Онымен де қоймай, жас ақынды қолтықтап Жазушылар одағынан мүшелік билетін алуға кетеді. Ол екінші жігітке:

Сен жігіт өсек айтып жүргенше құр,
Моламды мен қайтқанша күзете тұр! —

деп, маскаралап кетеді. Сол жылдары ондай өлең жазу Қасым үшін емес, бүкіл поэзиямыз үшін ерлік еді. Қасым осындай өлеңдердің бірсыпыраларын жазды. Олары: «Біз кім?», «Күлемін де жылаймын», «Ақынның мінезі», тағы басқа сондай тамаша шығармалар.

— Жылама, сен, күл дейді,
Күлсем және сенбейді.
Қара тер боп тергейді,
— Неге күлдің, сен? — дейді.

Ақын қырқыншы жылдардың «сыншыларын» осылай сипаттады. Бұл өлеңде сыншы-тергеуші тұтас бір бейне. Күдікшілдік, сенбеу, күйе жағу, пәле жабу оның бірден-бір әдісі. Қасым культ зардабын сол жылдарда-ақ осылай сілкілеген ақын. Аманжоловтың «Естіге ақын, бұзықпыз ақылсызғасы» сол жылдары айтылған. Ақынның осы тақырыпқа жазған өлеңдері соғыс жылдарында, одан кейінгі жылдарда да үзілген жоқ, қайта күшейіп, салмақтана түсті. Бұрын жеңіл юмор, кексіз кекесіннен әрі бармайтын сөздер енді зілді, улы ойларды ақтарып тастайтын болды. Мұндай кекті, ызғарлы лебіздерді біз оның Ғалиға, Ғабдолға жазған өлең-хаттарынан да оқимыз.

Қасымның кононды дәстүрден шыға алмай жүрген күндеріндегі шығармалары мен одан кейінгі, өзін мықтап тапқан кезіндегі шығармаларын салыстырсақ, барлық тақырыптарда осылай күрт өзгергенін танимыз.

Оның 1935 жылдардан 1940 жылдарға дейін жазған махаббат лирикасы бөлек бір жинақ болуға жарарлық.

Марпуғаға», «С. ға», «Білесің бе, жан сәулем...», «Қайда-сың махаббаттың періштесі» сияқты бірнеше жылы да жарқын өлеңдері бар, бірақ тұтас алғанда олар да қыркыншы жылдан кейінгі шығармаларынан төмен.

Алғашқы, тым балауса шақтағы өлеңдерінің көбісі альбомға арналған шәкірт сезімдерінің төңірегінен аспайды.

**Әлде менің махаббатым харам ба,
Әлде көңлім сен дегенде сараң ба? —**

деген сияқты, тез күдіктеніп, тез-ақ күйіп-пісетін бала жігіт тақатсыздығы. Енді бір топ өлеңі әйелге ауыл бозбаласының көзімен қарайтын, сұлулықты да сыртқы сымбаттан танып, оны белгілі ұғымдармен ғана белгілейтін, арманы жоқ, құмары бар ғана өлеңдер.

**Сүйдім сенің кірпігің, қабағыңды,
Сүйдім сенің ақ торғын тамағыңды.
Сүйдім сенің уыздай елжіреген,
Күн шалмаған мамықтай бұғағыңды, —**

тәрізді боп келеді. «Уыз!», «мамық», «тамақ», «бұғақ». Мінеки, кілең осындай ғана. Кейбір тәуір көрінетін өлеңдердің де көркемдік дәрежесі күншығыс әдебиетінің сөздіктері араласқан «қалқам шырақтармен» шамалас болып шығады. Мұндай шығармалардың сипаттайтын, теңейтін сөздіктері: «гүл», «бұлбұл», «перизат», «ай», «жұлдыз», «күн», «ғашық», «құмарлық» деген мағыналардың көлемінде. Ал ақынның серпіліп, ірі сөйлеймін дегендері қыранның түлкіге шүйілуі, лашынның аққуға түсулері сияқты. Мұндай шығармалардың жазылу үлгісі:

**Сайраған саясында Иран бақтың...
Құпия сыр-сипатын перизаттың, —**

деген жолдармен шамалас. Кейде жаңа заманның жаңа сөздерін айтқысы келгенде «болат», «магнит» деген сөздерді де пайдаланады. Осылар сияқты бір сарыннан, бір көлемнен аспайтын, тұрақты бір қалыптан өзгермейтіндей көрінетін өлеңдердің ішінде Қасымның «Сүйемін испанканы» дейтін бір өлеңі оқушысын селт еткізді. 1938 жылы ақынның классикалық поэзияға бойлай кіре бастаған — Пушкин, Байрондардан аударма жүріп, оқи бастаған шағы еді. Мұнда да:

**Естіп пе едің бұлбұл үнін
Балбыратқан гүл бақшаны.
Елжіреткен ел жүрегін
Испанканың салған әні, —**

дейтін шумақтар бар. Тағы да «бұлбұл», «бақша гүлдерге» кездесеміз. Бірақ бұл ән салып жүрген ғана қыз емес. Бұл Испаниядағы революциялық қозғалыс тұсында гитара орнына мылтық ұстап, фашизмге қарсы оқ атуға талаптанып жүрген қыз. Онда елін сүйген жүрек, өлімнен қорықпайтын азамат мінез байқалады. Өлең:

**Ол махаббат идеалы
Құмар қылған Байрондарды,
Сүйемін мен испанканы,
Сүйемін мен сондай жарды, —**

дейтін шумақпен аяқталған. Бұл да шәкірттік жыр, бірақ Байронға шәкірттік. Біз балауса, әлі аяғын тік басып болмаған шығарманың бойынан шалалық, орашалақтық міндерді байқаумен қатар, тың әйел образын, оның бейнесі мен мінезін де аңғарамыз. Өлең композициялық жағынан да жаңа мәдениет табуға талпынғанын білдіріп тұр. Осы кезде:

**Қайдасың махаббаттың періштесі,
Жаныма жақынырақ ұшып келші, —**

деген — Пушкинмен, Лермонтовпен лебіздес жолдар да туа бастайды. Қасымды романтикалық махаббат басымырақ қызықтырады. Ал, қазақ совет поэзиясының әйелді жырлаудағы жаңа, реалистік үлгілері еліктірмейді. Әйелді сүйе отырып, оған адам, бауыр көзімен қарау алғашқы буын ақындарында аз болмайтын-ды. Сәкеннің «Қашқынның аулындағы» ержүрек әйелдер, рабфакта оқып жүрген, күрекпен жұмыс істеп жүрген қыздары, Бейімбеттің алыстағы жарына орамал жіберетін — ел қамын, жігіт қамын ойлайтын қызы, Сәбит, Асқарлардың теңдікке, оқуға бастап бара жатқан әйелдері совет поэзиясының жаңа образдары болатын. Қасым құрбыларымен қосыла осы дәстүрден үлгі алуға ұмтыла алмады, бұл оның махаббат лирикасы саласындағы ерекше міні болатын.

Сөйтіп жүргенде ол 1940 жылы «Орамал» атты өлеңін жазды. Бұл жаңа аталған Бейімбет орамалымен мазмұндас. Бейімбет алыстағы жарға жас арудың орамалын сәлемдеге жіберсе, Қасым майданға бара жатқан жігітке жар орамалын қолынан бергізеді. Екеуінде де адам драмасы басым.

**Орамалға тілесен
Жүрегімді орап ал! —**

деген қыз қан төгілген ауыр заманның қорғасын салмағын сезінгендей, ертеңгі күннің әлде бір сұмдығынан шошын-

ғандай, бірақ соған бір түрлі беріктікпен қарайды. Міне, осы шошыну мен беріктік бірдей араласқан сезім оны трагедияға баланар ашынуға жеткізеді.

**Бәлкім, осы орамал
Қызыл қанға боялар;
Жанға тисе жат хабар
Жарың шошып оянар, —**

дейді.

Бұл жас жанның қоштасуы ғана емес, шынғырып шыққан үні. Мұнда сүю де, Тәкен Әлімқұлов айтқан тұрақтылық та бар, бірақ «Орамалдың» күші әйел образының мықтылығында, оның айқындығы мен бүтіндігінде. Әйел ұлы дәуір фонында іріленіп алынған. Ол қатер жолына қажырлы отты көзбен қарайды. Нәзік сезім қайралған қанжардай өткірленген, ол биік мұрат үшін өзі де жауға сілтенуге эзир. Осыдан барып біз әйелдің идеал боларлық образын көреміз. Ондаған өлеңдерде бөлек-бөлек жырланатын барлық ғашықтық, барлық құштарлық, барлық құмарлық осындай бір өлеңнің бойынан табылады да, солардың үстіне үлкен бір айқын тұлға жарқырай жанып тұрады.

Бәріміз мақтан көретін «Дариға, сол қыздың» да асылдығы осы жағында. Отқа жанбаған, оқтан өлмеген ақын майданнан жеңіспен қайтып келеді.

**Қайда екен, қайда,
Дариға, сол қыз! —**

дейді, барлық құштарымен, барлық пафосты даусымен. Мұнда ақын аузымен айтылатын соғыс сұрапылының суреті орасан, теңіз теңселген, шын-құз шайқалған, содан ақын тірі оралып келеді. Сүйген жарына деген ғашықтығы мың рет артылғандай, сонда біз жауды жеңген ғашықтың екен деп қабылдаймыз. Біздің көз алдымызда махаббаты ерлікке қорған болған ғасырмен бейнелес Дариға образы тұрады. Мінеки, ірі махаббат, әйелге деген өрттей махаббат осы. Бұл совет поэзиясының классикасына жатады.

Қасымосыдан кейін де әйелге арналған махаббат жырларын тоқтатқан жоқ. Олардың ішінде ұқыпты жазылған, тәтті айтылған өлеңдері де бар. Бірақ жалпы мазмұны бұрынғы ғашықтық жырларының шеңберінде қалады. 1946 жылы жазылған «Сақыпжамалында»: «Қате бассам, кетсем желдеп өзің сотта, өзің кеш» десе, «Сенің алма бағыңдасында»: «Бір сөз айтқым келеді, тіл жетпейді айта алман» — деген ишаратын білдіреді. «Рабиғаға» атты өлеңінде осы ишарат бар. Тағы бір атсыз өлеңінде:

Келші, құрбым,
Кешкі құрым
тау жаққа.
Сырласайық,
Бір жасайық
аулақта, —

дейді.

Соңғы өлеңдерінің ішіндегі әлеуметтік мәні бар шығармасы — «Үгітші мен кемпір».

Қасымның жаратылысқа байланысты лирикасында өзгелерге ұқсай бермейтін өзгешелік бар. Ол ешуақытта **табиғат** көрінісін көлденең көруші (созерцатель) болып **жазған** емес. Сондықтан пейзаж суреттерін одан іздеу қиын. Әрине, тек қана пейзажды суреттеп, оған өз жүрегін байланыстырмайтын суреткер болған емес. Бірақ сөйте тұра, жаратылыс жырларының талай әсем дүниелерін білеміз. Жарық дүниеден қоғам ортасынан қашып, табиғатпен бірлік іздейтіндер де болған. Олар жаратылысқа қайта сіңісіп кетуге ұмтылады, өздерінің ішкі сыр, жан күйлерін табиғат сыры, табиғат күйіне айналдырады. Пушкин шығармаларындағы деревня, Кавказ, қала суреттері қандай берілуші еді. Некрасов, Кольцовтар жазған орыс өмірінің шындықтарында да жаратылыс пейзажы көркемдік күштің бір саласы, біздің классик Абай да өз дәуіріндегі қазақ аулының өмірін оның жаратылысымен тығыз байланыстырды. Біз одан әлеуметтік бейнесі бар адамды қандай көрсек, оның географиясын да сондай көрдік: көлі, шөлі, ойы, қыры, көгі, тақыры жылдың төрт мезгіліне байланысты түгел суреттелді. Осы ретпен алғанда, қазақ совет поэзиясының ағалары Сәкен, Ілиястар да көп шығармалар берді. Сәкеннің өлеңдерін айтпағанда «Көкшетау» атты поэмасының бас геройы жаратылыс сияқты. Ал Ілияс «Жетісу суреттерін» өлеңмен жазды. «Жел жіберіп бір желпіп, сел жіберіп бір шайып» жатқан тау мінезін де біз Ілияс арқылы таныдық. Осындай жақсы талаптар Асқарда, Ғалида да болды.

Сол «Көкшетауды» Қасым да дәстүр бойынша жырлап көрген.

Көк қасқа Көкшетаудың бетегесі,
Сықылды сепкен алтын көк сәулесі, —

деп суреттеген. Бұл 1939 жыл еді.

Ал 1937 жылы «Көктем» деген өлеңін:

Төбеден төнген аспан күн мен айы,
Тамаша жанға жайлы күн райы.
Ақырын жылжып қана көктем келед
Сықылды жас жігіттің сәулетайы, —

деп бастаған. Мұндай мысалдарды келтіре беруге болады.

Бірақ одан жаратылыс тақырыбына байланысты антологиялық жырлар жазған Қасым шықпайды. Табиғаттың мол суретін салып, өз сезімін соған байланысты, соған бағынышты ғана аңғартатын Қасым жоқ, ол өз жанының күйін аса қатты серпіп, асқақтаған пафоспен айту үстінде ғана жаратылысты өз шабытының бір көрінісі, өз жанының бір бөлшегі ретінде мол пайдаланып отырды. Жоғарыда аталған «Май келедіні» тағы бір еске алайықшы, барлық бояу, барлық дыбыс, барлық жаратылыс алдымен ақын қуанышының сипаты болып шыққан емес пе? Бұл жағынан да Лермонтовқа көбірек келеді. Аманжоловтың «Мен табиғат бөбегі» деген өлеңі бар. Онысы рас. Табиғатты созерцатель болып жырламаған Қасым, енді бір қарасақ табиғат тұтасымен соның ішінде жатқан сияқты. Дәуірді, отанды айта ма, ауыр күндер мен сын сағаттарды айта ма, қуана ма, жылай ма, — соның бәрінде де ақын табиғат суреттері мен мінезін өз суретіне, өз мінезіне айналдыра салады. Тіпті, ол «Өзім туралы» дейтін өлеңінде де күн боп күркіреп, жаңбыр боп сіркіреп жатқандай. Жаман өлең жазбаймын дегенді айту үшін де:

**Құялман үгітілген балшық өлең,
Көңлімде көл жасамаң тамшыменен, —**

дейтін жаратылыс дүниелерінің нақтылы қасиеттерімен оңай да ұтымды сөйлеп кетеді. «Қазақстандағы»:

**Аралашы Алматының көшесін,
Емендермен егесе сен өлесің.**

Әйтпесе:

**Көк құрыштан құйылғандай бір елміз,
Әрі биік, әрі кеңбіз, тереңбіз, —**

дейтін егіз жолдар да сол сияқты.

Ел де, ақын да сондай ұлы, сондай ірі, екеуінің бейнесі — отанның өзі сияқты: биік тауындай, кең даласындай, терең теңізіңдей. Кейде осы теңеулерді келістірмей пайдаланғанда құлаққа жағымсыз, көңілге қонымсыз өрескел гиперболаға да айналып кетеді. Ондай тұста өлең реалистік қалыптаншығып, жылылығын жоғалтады, поэзиялық күшінен айрылып қалады. Ал, Қасым келісімен жарастығын тауып береді, қанша зорайтса да интеллектуалдық сезімінен асырмайды, гуманизмге сыйымдылықтарды шашып

төкпейді. Абдолланың отқа жанып тұрған шағын да Қасым осы қуаттылығымен ғажайып суретке айналдырған:

**Шұғыла шалған кешкі бұлттай
Толқын шаштар, оттар ойнап.
Өрт топанын кешіп Нұхтай,
Жалғыз өзі тұрды бойлап.**

Бұл екiнiң бiрi айта бере алмайтын жыр, екiнiң бiрi көрсете бере алмайтын сурет.

Қасымғағана тән мұндай жолдарды келтiре беруге болады. Ақынның өзiн тауып, шығандаған жырларынан:

**Оянып от құндақтан күн шыққанда
Қозғайды биік егін жел бастарын...
Теректерге асыла
Шықты ол таудың басына...
Өлеңнің қапатармын отты селін,
Толассыз топанындай ертегінің...
Сыбырайды жапырақ,
Жалт қарайды тас маған, —**

дейтін жолдар будақ-будақ кездесіп отырады. Бұл жолдар табылатын өлеңдердің бірінде де Қасым табиғатты жырлаймын деп ойламаған. Бірақ табиғатсыз Қасым жоқ. Өйткені оның өзі жаратылыс құдіретінің бір көрінісі. Барлық жаратылыс оның жанды серігі. Ол досын, жолдасын қандай сезінсе, жаратылысты да сондай сезінеді. Сондықтан оларсыз сөз сөйлеуі мүмкін емес, оларсыз шабыттануы да мүмкін емес. Күн от құндақтан шықпаса, егін өспес еді. Өйткені бүкіл тірлік оның ішінде, ақын тірлігі де күнсіз мүмкін емес. Осыдан кейін терекке асылмай, тауға шығуға болмайды деп сенеміз. Алыпқа көтерілу үшін алыпқа сүйену керек. Сонда терек те құр серейген ағаш емес, біздің жанды досымыз, қымбат досымыз. Майданнан сағынып қайтқан ақынға жапырақ қуанбаса, қуанышын сыбырламаса, тас та адамша жалт қарамаса, біз Алматыны не үшін сүйерімізді білмес едік. Заулап бара жатқан поездың терезесінен қараған Қасым жүрегінің бір бөлшегін Оралына тастап кеткен сияқты. Сол бөлшектің ішіне бүкіл қала жайы түгел сыйып тұр.

**Қош бол енді, Оралым,
Күле бер, шалқып, сайранда.
Айтпақшы, қайда бораның?
Кетейін алып майданға, —**

дейді ақын. Ол боран — досын бірге ертіп кеткендей, майданға да борандатып кіргендей. Ақын Қасым сол поездың

үстінен Байқалды қалай мол шолып қалды? Бұралған ақ балтырлы қайыңға қалай би билетті? Күркіреген көктегі бұлттың сесін қалай тыңдады? Жауап беру қиын. Біздіңше бұл ақынның біз түсіндіре алмайтын сиқыры. Оның аты — күллі әлемнің құпия сырын көкірегіне жинаған, шабыты түскен кезде соларын ақтарып тастай беретін ересен талант, алталант кілті ақынның үлкен жүрегінде.

Ойсыз өлең болмайды. Лирикалық жыр неғұрлым талантты, өнерлі болған сайын ол әр жақты, сегіз қырлы. Бір тамшы суға күн жарығы түгел түскендей өлеңінен де пейзаждың сурет, философиялық ой, психология, өмірге деген махаббат түгел табыла береді. Өртүрлі тақырыпқа шартты түрде бөліне қарап отырған ақынның жақсы жырларынан да біз осыны көреміз. Әйтсе де осы шартты түрде бөлшектей қарау әдісімізбен Қасым лирикасының ойға құрылған шығармаларына да арнай тоқтап кетеміз.

Оның үстіне, ой лирикасы — шын үлкен ақынның жас жағынан да, мінез жағынан да толыққан, орныққан, терең танып тебірене сөйлейтін, көп аңғарғанына көңлі жеткен шағында, әбден қажет деп танығанда айтатын ерекше өнері — үлкен поэзиясының дербес бір түрі. Ол енді гүлге бұлбұл болып табыспай, гүлді мұздаған жел, жұлып кетер құмарпаз қолдардан қалай сақтауды ойлайды. Ол енді жарықты басар көлеңкеден, адалды былғар арамдықтан, тазаны кірлер ластықтан шошынады. Қоңыр үнмен тартылар скрипка шектерінде драматизм, тынышсыздық басым, сондықтан кейде зарлы сарын сезілгендей тұстардың өзінде ақылды ой айтады: әлде бір жарыққа шақырады, әлде бір сұмдықтан сақтандырады. Сөйтіп, ақын ойға арналған лирикасында замана, өмір қамқоршысы, адам қамқоры. Мұндай айқын нысанаға сана-сезімін дәл көздеген ақын жеңіл әзіл, жеңіл кекетуден де аулақ. Ол енді жақсы көрген құбылыстарын қандай дәріптесе, әулие тұтса, жек көрген құбылыстарын аяусыз әшкерелейді. Барлық уын, барлық оғын соларға ғана атады. Қанын ағыза, жанын шығара атады. Демек, ойлы ақынның терең толғақты, барлық нәрсені көңіл көзімен безбендеп, соған толқыған оймен қарап отырған лирикасының басты бір тіні сатира. Мұндай шығармалар ұстаздық ақылын айтумен де (поучение) шектеседі, бірақол дәрменсіз ақындар жазатын құрғақ дидактикаға айналмайды.

**Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға, —**

деп, Абай сол үшін айтқан.

Осы тұрғыдан қарағанда, Қасымның ойларын шерткен лирикасы Лермонтовпен, Абаймен сабақтас. Әрине, аттары аталған классик ақындардан Қасымның заманы бөлек, ол тіпті өзге шындықтың ақыны. Сол үшін де оның өзге жақсы шығармаларындай ойға арналған лирикаларында да совет дәуірінің әсем болмыстары, айқын оптимизмі жарқылдап отырады. Бірақ ақындық жаратылыстары, сол түйсіктерін жырмен ашу жағынан әбден рухтас. Қасымның дәуірімен, отанымен конфликтісі жоқтығын барлық шығармасы растай отыра, ол жаманшылықтың барлық көріністерімен жау. Ол жеке басқа табынудың зиянды зардабын сол тұстың өзінде қатты сезінгенін, ойлана бастағанын, аузынан ащы сөздер шыққанын жоғарыда ескерттік. Осы ойлану оның көп өлеңдерінің тереңдей, тегеуріндей түскен басты тақырыптарына айналды.

Сонымен қатар алыс майданда жүріп сағыныштан туған ойлары да бар. Қорыта айтқанда, ой — Қасым поэзиясының бір саласы.

Аспанымды бұлт торлап,
Құрыстырды денемді,
Көзімнен жас домалап,
Төктім сонда өленді.

Жырымды да жасымды
Бір сығып мен тастадым.
Жайнап қайта ашылды,
Ойым — менің аспаным, —

деді, майданда жүріп, 1944 жылы жазған бір өлеңінде. Осы сағыныш үстінде сол жылы «Сырласымды» жазды.

Хат жоқ елден: достан да, жақыннан да,
Шынымен-ақ шіркіндер ұмытқан ба?
Жапа-жалғыз тұңғың ойға батып
Ұқсаймын су түбінде отырғанға.

«Ойлаймын да жазамын әр немені», «Достар қайда жүрсіңдер?», «Сен едің мені айырған» сияқты тағы басқа өлеңдерінде ақын ойын толғанбай, өлеңге айналдырмай отырмайтынын өзі де айтады. Мұндай өлеңдерінде сағынышы, аңсаған мұңы, бір жағынан, аянышты келеді де, екінші жағынан, елге, достарына деген ыстың махаббатын көрсетеді. Бес бөлектен құралатын «Елге хат» — бұл тақырыптың әбден жетілген, піскен үлгісі. Мұнда тек ел ғана емес, сол елдің күрделі суреті, балалық шақтан бастап еске түсетін ақын өмірінің үзінділері бар. Сондайлық көрікті көрсетіл-

ген, қиялдай елестейтін туған жерді толғап отырған ақын
Г сағындырмайтын, қайта шошытатын құбылыстарды да
ұмытпайды:

**Бармын мен бұл дүниеде, жүрмін тірі.
Жоқсың деп жала жабар құдың бірі.
Түссем де отқа, суға тозар емен
Солдаттың етігіндей жаным сірі, —**

дейді.

Жолшыбай ғана атала кеткен жалақор нуға өте уытты, аса кекті сөздер айтылған. Осы жалақор қу ақынды көп ойландырып, көп толғандырған, сондықтан оқушы достарын солардан сақтандыруға жалықпайды. Қасымның үш бөлімнен жасалған «Ғалиға жауабы» да «Елге хаттың» тамаша жалғасы. Мұнда да әрбір сөз оттан, адамның қанынан жаралған. Батырлық, майдан, жауға жалын атқан жүрек, сағыныш арқылы жырланған ұлы махаббат — ақын ойының алтын тажындай. Еліне арнап ағыл-тегіл ақтарылып жатқан Қасым әлде кімдерді — еліне жат, өзіне жат біреулерді түйрей кетеді.

**Мен емес сыртын сылар, іштен іріп,
Кимеймін тұмылдырық, көзілдірік,
Өткізіп өз көзімнен бар өмірді
Аралап жерде жаяу келем жүріп.**

Қасым жалақорлардың неше түрлі сұмдықтарымен соғыстан елге қайтқан соң кездескені мәлім. Ең көрікті поэмасы «Абдолланың» өзінен бәле қазып жатқандар, оның «Қазағым», «Елім» деген адал сөздерін де арамдағандары белгілі, бұлар әдебиет сынына араласып, әдебиеттен атақ іздеген алакүліктер еді. Ақынның арынды поэзиясына қызғанышкөзімен қараған күшеншек ақындар да пілге шәуілдеген күшіктей жаман ниеттерін білдіріп алып жатты.

**Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айрылсам ала көңіл он досымнан, —**

деп сол кезде айтты. 1949 жылғы «Оңаша ойда» бұдан да анығырақ жазды:

**Ұғынардедім достықты
Болған соң адам баласы.
Осы бір ойым бос шықты,
Жанымда қалды жарасы.**

Жеңісім менің жарқ етсе,
Келеді дос боп ант беріп,
Бір жерімнен қалт етсе,
Кетеді, шіркін, жалт беріп.

Қасым жалақорларды мінеп, сынап отырумен бірге, өзінің кім екенін баяндайтын өлеңдерімен де жауап беріп отырды. «Өзім туралы» дейтін өлеңінде Қасымның «сыншыларына» айтатын тікелей жауаптары бар. Бірде:

Өмірде әлі талай жырлармын мен,
Біреуге ұнап, біреуге ұнамаспын.
Өзім болып айтармын өз сөзімді,
Жамау-жасқау жинап, мен құрамаспын.
Жұрттың сұрлеу жолымен жүргенім
жоқ,
Нар тәуекел омбылап тура бастым, —

десе, «Өзім туралыда»:

Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламайтын күр басымның,
Тымырсық түнек болсаң дұшпаныңмын,
Ақ көңіл, адал болсаң сырласыңмын, —

дегенді айтты. Бірақ бұл екі өлеңнің құндылығы әлдекімдерге жауап беруінде емес, ол себеп қана. Қасым барлық ойын еліне арнаған, қалың оқушысына өзінің үлкен жүрегі ашқан, барлық ақ сырын шерткен. Мінеки, ғажап осында. Бір арам сөз жоқ, бір жалған сезім жоқ. Біз ақынның ішіне кіріп, жан жүрегін түгел ақтарып шыққандаймыз. Біздің көз алдымызда үлкен адамның, дарынды совет ақынының сәулетті бейнесі ашылады. Қаны қандай таза, жаны қандай жалынды. Бар өмірін елге ғана, жырға ғана арнаған абзал жан. Алдындағы биік нысанадан бірде-бір аумаған, бірде-бір кідірмеген, бірде-бір азбаған, тозбаған, бары да, бақыты да, туысы да, досы да өлеңі ғана. Еңбектенсе, жыр көрігін басса, жыр ырғағын теміршідей балғаласа болғаны. Одан өзге қуанышы жоқ. Кейде өкінсе де, сол бір асыл жыр үшін, соның тағдырын ойлап өкінеді:

Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.

Сөйтіп, Қасым — биік ақындықтың, жұрттың сүйген жүректің, шабытты поэзияның, от қанатты арманның қор-

ғаушысы болып шыққан; жыршы туралы, жыр туралы өлмейтін-өшпейтін жыр жазған.

Қасымның ойға, көңіл-күйіне арналған жырларының бірсыпырасы ауру үстінде, тіпті үзілер шағы жақын қалғанда жазған қысқа өлеңдері.

**Көп борыш мойнымызда өтелмеген,
Ойым жоқ қарызданып кетем деген.
Кенімді кеудемдегі жаба тұрдым,
Азырақ әуре болып жөтелменен.**

Бұл ақынның 1954 жылы, өлерінен екі ай бұрын жазғаны. Мұндай халде жатқан адамның күйінері де, күрсінері де белгілі. Бірақ Қасым қашан көзін жұмғанша рухани күйреген жоқ.

**Нұрлы дүние — туған елім,
Жаркылдапсың жас айбынмен.
Бір сен үшін туған едім,
Бір сен үшін жасаймын мен.**

Бұл Қасымның туғанда айтып туған және дүниеден кетерінде де айтып кеткен сөзі сияқты. Демін алғашқы рет осылай алды, демі ақырғы рет осылай тоқтады.

Қасымның барлық жырын, барлық ақындық сырын түгел қамту, түгел түсіну қиын. Ол да уақыт өткен сайын, эстетикалық ғылым тереңдеген сайын тереңдей беретін, жаңа қырлары ашыла беретін ақын.

Қасым қолданған өлең ырғақтары мен ұйкастары, әрбір сөзі тынымсыз тұтанып, тынымсыз жаңғырып отырған үлкен процесс. Ол өзгелер сияқты балалық-шәкірттіктен бастап, іздену жолын тынбай шарлады. Поэзия сырын жерді ақтарғандай ақтарды, океандарды, космосты тексергендей тексерді. Сол ізденулерінің нәтижесі: лирикада ашқан Қасымжаңалығы атанатын жаңалық — новаторлық. Сөз күрделенді: жарыққа, бояуға, музыкаға айналды. Ырғақ күрделенді: екпінге, пафосқа, құдіретке айналды. Шығарма күрделенді: ақын түйсігі бір құбылыстың, бір әсердің үстіндегі сезімін жан-жақты, көп көріністі суреттермен сипаттарлық шеберлік тапты. Бұл ойымызды анығырақ түсіндіру үшін «Балалық шақты» түгел келтірейік:

**Түседі еске жалаң аяқ күндерім,
Ақ сүйекті ала қашқан түндерім,
Сол қашқаннан мол қашыпты балалық.
Қайда екенін көптен бері-ақ білмедім.**

Қуар едім осы күні етікшен,
Бірақ маған жалаң аяқ жеткізсен.
Мен мұндамын, сен қайдасың білмеймін,
Жеңіл аяқ жетім болып кеттің сен.

Өткен екен талай жылдар, талай күн
Өмір жолын, өлең жолын санаймын,
Сонау қарттың жөтелгенін есітіп,
Есік жаққа қайта-қайта қараймын.

Барлығы осы ғана. Жаңағы айтқанымыздай бір-ақ түйсік, дір еткізген бір-ақ сезім үстіндегі үш-ақ шумақ лирика. Кіп-кішкене дүниеде бір кісінің өмірі, ұзақ поэманың оқиғасы жатыр. Ақ сүйекті ала қашқан жалаң аяқ бала сонау айлы түнді ауылдан, жайлаудан қашқан, біздің көз алдымыздағыдай. Зымырай жүгірген баланың қимылы сондай айқын, біз соған қадала отырып көп суреттерді өзіміз көреміз. Сол шақты егде тартқан етікшен, аяғы ауырлаған ақын өзі де көріп отыр. Біздің алдымызда екі бейне қатар тұр: бірі зымырап бара жатқан балалық, екіншісі соған қызыға қараған, қуа жөнелгелі, кейін қайтарғысы келген даналық. Екеуі де жүйрік қимыл үстінде, екеуінің де етіккен демін естігендейміз. Бірақ балалық шақтың өзі қызық болғанмен өмірі ауыр болған. Жастық — идеал, ал өткен күн қызық емес-ті. Баяғы балалық кезінде жүгірген жердегі «сонау қарттың» жөтелі де есінде. Ақын жастығыммен бірге сол қарт жөтелі қайта оралып жүрмесінші дегендей сескенеді. Қанша сурет, қанша оқиға, қаншалықты қарама-қайшы сезімдер қабаттасып, астарласып берілген. Осындай күрделілікті біз оның толып жатқан өзге лирикаларынан да көрдік. Осылай дамып, күрделілік табуды біз оның поэмаларынан да көреміз.

III

«Біздің советтік поэзиямыз өз өмірінің қысқа мерзімінің ішінде ірі табыстарға жетті, бірақ оның да бойында прозамыздағыдай қолбырақтар, нәрсіздіктер,... бар»⁷, — деді А. Горький Жазушылардың бірінші съезіндегі қорытынды сөзінде. Сәкен, Сәбит, Ілияс, Исалардың тарихи тақырыптарға жазған поэмаларымен қатар бүгінгі, советтік өмірді жырлайтын шығармаларда кенделік болмады. Сондықтан іздену, қамдану эпикалық поэзияда да айқын бастала бастады. Челюскин жорығына арналған дастандар

⁷ А. М. Горький. О литературе, М., 1953, стр. 736.

туды. Жалпы алғанда, ілгерілеу нышандарының барлығына қарамастан, бұл поэмалар да әдебиет өміріне халық күткен жаңалықтар әкеле алған жоқ. Сол ізденгендердің бірі Қасым Аманжолов еді. Қасым бұл салада да лирикалық жырларындағыдай көпке дейін дәстүрлі кононнан шыға алмады, өзін-өзі таба алмады. Оның алғашқы талпынулары белгілі — қазақ тіліндегі романтикалық поэмалардың үлгілерінде сюжетті шығармалар жазу болды. Ақын мұндай шығармаларында өзінің білетін өмірінің оқиғаларын алып, реализм негізінде жоспарлаудың орнына екпінді, желді сөздерді ақтаруға мүмкіндік беретін, шартты түрде баяндар оқиғаға көбірек ұрынады. Мұндай талаптарда идеялық дұрыс нысана да жоқ емес. Белгілі бір шартты сюжетті алып отырып, соның негізінде екі дүниені салыстырып, қарама-қарсы қойып сипаттарлық патриоттың сезімге де бай, бірі жарық дүние — өзінің советтік отаны, екіншісі капитализм билеген жаншылған елдер суреті. Әлгі сюжет осы екі дүниені қарсы қоюдың дәнекері, себепшісі. 1930 жылдардың орта кезінде туған Челюскиншілер туралы поэмалар, «Екі жиһан» тағы сондай шығармалар осы принципке құрылған болатын. Сол жылдары бірсыпыра ақындар жазған құпия қыздар дүниеге келді...

Солардың бірі «Қытай қызын», «Құпия қызды» жазған Қасым еді. Бұл екі поэманың екеуі де сол кездегі, әлі бостандық алмаған ел қызына байланысты. «Құпия қызда» кедей қызы Ләззәт озбыр бай, кәрі Жүсіпке тоқалдыққа бармас үшін Совет Одағына қашып өтеді. Мұндай оқиға қазақ өмірінен алынғандықтан қытайлар тұрмысындағы толып жатқан детальдар, адам портреттері, мінездер, қақтығыстар бар. Ол өмір біздің советтік Қазақстанмен салыстырғанда, біздің кейінде қалған шындықтарымыздың сәулесі сияқты. Ақын екі өмірді әдейі салыстырады. Кеше қандай едік, бүгін қандай болдық? деген үлкен тарихи сұрауға жауап бермек болады. Біз кедей аулындағы рахымды, момын жұрт пен бай аулындағы зұлымдарды, қу мен сұмдарды, бірнеше суреттерді көреміз. Мұндай тұста жаратылысы асыл ақынның төгіп-төгіп алатын әсем шумақтары да кездеседі:

**Қарттардың қатып қалған қайғысы еріп,
Қыз, келіншек жаспен жуды орамалды,—**

дейтін серпінді шумақтарға еріксіз сүйсінеміз. Қыз портреті, аттың шапқаны да, әсерлендіреді. Әсіресе, жаншылған халықтың Совет Одағына деген жүректері, үміттері жақсы.

Әйткенмен поэма тұтас алғанда схемаға құрылып, көбінесе ақ пен қара бояуға қарама-қарсы жұмсалынып отырады. Өлең көп тұстарда шешен оқылғанымен, шығармада идеялық философиядан көрі саясат тақпағы басым.

Ал «Қытай қызындағы» олқылық бұдан зор. Мұнда қытай деген сөз болмаса, географиялық, я елдік сипат табылмайды. Әуелі қытай байлары езіп жатады, содан соң жапон империализмі апатқа ұшыратады. Ондай тұстың суреттері:

**Әр жерде біреу қуған, біреу қашқан,
Біреулер қатты сасқан, жан таласқан.
Алысқан, арпалысқан, найзаласқан,
Айрылып біреу қолдан, біреу бастан, —**

деген сияқты болып келеді. Жау талқандаған елдің қырылған өліктерінің ішінде ата-анасынан, ағасынан, сүйген жарынан айрылған қытай қызы отыр. Ақын оны көрген жерде:

**Кәдімгі қиғаш қасты қытай қызы
Сықылды көк жұлдызы, жер құндызы,—**

десе, ілестіре-ақ суық сорған бозаңқы алмадай, «бұрқырап тарқатылып кеткен шашы» дейді. Қыздың бір суреті шындыққа үйлесетін қайғылы азған-тозған, шашы будыраған да, сол мезеттегі екінші суреті конондағыдай: жұлдыз бен құндыз. Мұндай міндері толып жатыр. Ақын қызды жұбатқанда өзінің Совет Одағының адамы екенін айтып қуантады:

**Әділ сот — бүкіл әлем еңбекшісі,
Жауыздың берер әлі шын жазасын, —**

деп бастайды да, ұзақ саяси лекция оқиды. Оған жұбанған қыз да ақын көңіліне қонарлықтай саяси мәні түзу жауап қайырады. Жалпы, ақынның айтайын деген ойы түзу, тілегі дұрыс.

Бірақ одан поэма шықпаған. Қасым іздену үстінде осындай ұзақ, әрі көріксіз поэма да жазған ақын. Оның 1938 жылы жазылған «Жамбыл тойында» делінетін поэмасы да осы іздену үстіндегі сәтсіз шығармаларының бірі. Қасым тойға жиналған классиктерді тізеді, олардың өнерлерін баяндайды. Бұл жиынды салтанатқа, мерекеге айналдырады. Бұл да ойға құрылмаған, тек қызықтағыш, тек тізіп айтқыш культ дәуіріне мінездес жыр.

Поэма жазуда сәтсіздіктерге ұшырай бергенін сезген Қасымөнер табу жолындағы күшін лирикаға салды. Оны ақынның лирикалы шығармаларын талдаудан байқаған болуымыз керек.

Қайта бір түлегендей, көзінен томағасы сыпырылғандай ақын поэмаға қайта оралғанда жаңа Қасым келгенін көрсетті. Біздің алдымызда совет поэзиясының мақтанына айналған «Абдолла» («Ақын өлімі туралы аңыз») тұрды. Поэма алғаш 1944 жылы «Социалистік Қазақстанда» басылды. Алыстағы солдат жіберген жыр бүкіл майданды көтере келгендей, соғыс сахнасындағы қанды бір кезеңнің пердесін ашып жібергендей сезілді.

Бірінші алған күшті әсерді бірден жеткізе айту қиын еді. Ойланып, толғанып айтуға тура келді. Бірінші болып аға жазушымыз, сөз зергерлігіне төселген Ғабит Мүсірепов сөйледі. Ол былай деді: «Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты. Елдегі ақын, жазушыларға түгел ой салады. Көп нәрсені аңғартады. «Жасым кіші демдер, айта алсам айып емес шығар, осылай айтайық, жақсылап айтайық» деді... Поэма майданда ерлік көрсетіп, ел үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күші, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімінен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербей шыққан»⁸. Оған орыстың үлкен жазушысы, қазақ әдебиетінің досы Леонид Собелев үнін қосты (поэманың сөз бе сөз аудармасы бойынша-ақ). Ол: «Бұл шынында да терең сезімге және жарқын образдарға лық толы салтанатты, ұлы бейнелі аңыз»⁹, — деді. Қазақстанның Москвада өткен соңғы декадасында қазақ әдебиетінің жайы сөз болғанда, атакты ақын Николай Тихонов, тағы басқа орыс достарымыз «Абдолланы» ерекше атады. Поэма жарияланғаннан кейін қазақ ақындары Тайыр Жароков, Калижан Бекхожин тағы басқалар жылы лебіздерін білдірді. Сөйтіп, поэманың өзі аңыз бола бастады.

Осы күнге дейін сыншылар мен әдебиет тарихшыларының поэзиямыз туралы сөз болғанда Қасымға, әсіресе оның «Абдолласына» тоқталмағаны жоқ. 1958 жылы шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркісінде» де бұл поэма недәуір әңгімеленген. Поэманың ақындық күшін қызықтайтын сөздер айтылған. Поэманың шағын көлемді еке-

⁸ «Социалистік Қазақстан», 1944, 5 июнь.

⁹ «Солнечный день», 1944, 5-бет.

ні, онда геройдың бар өмірі қамтылмайтыны, тіпті соңғы екі-үш сағаттық уақыттың алынбайтыны да белгілі. Осыған қарап кейбіреулер бұл шығарманы «әрекетсіз» геройдың күресі, қимылы көрінбейтін поэма деп те түсіндірген. Сырттай қарағанға, әйтпесе поэманы белгілі шаблон бойынша танытындарға мұндай «әсер» қалуы әбден мүмкін. «Әдебиет» деген сөзді жүз қайталаса да эстетикалық сезімі оянбағандарға ішкі пружинасы болаттай берік шығармалардың тереңдігі жете бермейді. Өйткені ондайлар тізеден асар тереңдікті өздері кешіп көрген емес. Сондықтан олар аз мерзімде әбден сығылған, қас қаққанша тұтанып-жарылар атомдық қуаты бар оқиғаны шала жансар түйсіктерімен қабылдай алмай қалады.

«Абдолла» — бір сәттің ғана оқиғасы. Қапылыста жау қамауында қалған Абдолланың алдында екі-ақ шешім бар. Бірі — жауға берілу, екіншісі өлгенше соғысу. Герой екінші шешімді қабылдайды. Жаумен өзі жанып біткенше соғысады. Қасым осындай сағатқа жетпес мерзімнің ішіндегі трагедиялық ситуацияны алады да, соны жырлауға ақындық күшін салады. Сонда ажалмен әрқайсымыз-ақ бетпесті кездескендей сезінеміз.

Адам кейде он жылдар бойында ашыла алмауы мүмкін. Өйткені ол өзгелер қатарлы өмір сүрді. Күн бата жатты, күн шыға тұрды, білетін кәсібіндегі үйреншікті міндетін орындады. Кейде ол жаны қанаттанғанда үстеме міндеттерді орындаған болар. Оның жанға тиер, көңілді қозғар шешен сөздерін де тыңдаған болармыз. О да жаман емес. Бірақ уақыт оны нағыз сын сағатына жеткізген жоқ. Өлімді ме, жоқ тірлікті таңдау керек пе? деген сұрақпен беттестірген жоқ. Сонда көререк біз оның кім екенін! Онда жаңағы адам еріксіз ашылар еді. Мінеки, осындай сын минуттарындағы герой жанның нажағайдан шапшаң қозғалысын Қасымжыр етті, өте бір қиын оқиғаны жырлады. Егер ол Абдолланың сыртқы әрекетін ғана сипаттаса, тіпті оның ерлік шешімін жарамды өлеңмен әңгімелеп, өте қызулы, қарқынды айтса да дәл кәзіргідей әсерленбес едік. Оқыған кезде қызықтасақ та, «ой, бәрекелді-ай!» десек те, артынша ұмытар едік. Ал біз сүйетін «Абдолла» тіпті басқа. Ақын оқушысын геройының рухына, ойына, сана-сезіміне айналдырады. Біз минуттар ішінде алыс жұлдыздарды аралап өтер шапшаңдық тапқандаймыз. Кім едім? Қандай едім? Енді кімін? — деген сұрақтарға ұзақ айтылар жауаптар бір сезінудің үстінде беріледі.

Абдолла адам боп туыпты, адам боп өсіпті, адам боп өлуге тиісті екен. Біз соған сенеміз. Осы сенім поэманың ұлы оқиғаларды жырлағандығына бірінші дәлел. Жау қамаған жауынгер ақынның барлық сезімі емес, барлық жүйкесі түгел электрленген, қып-қысқа мерзімнің ішінде алыппрожекторға айналады да, төңіректі тұтас жарқыратады. Оның жарығы бәрімізге бәрін көрсетеді.

**Қаратолқын орман шашын
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі мекен көл жағасын
Тастап, суға сүнгіді жар.**

Ақын сол орманның бір ағашындай, сол құлаған жардың бір кесегіндей сезінеді өзін. Ол сол табиғаттың туысы, бірақ саналы туыс — совет адамы. Сондықтан ол шегінбеске, берілмеске тиісті. Алда қанша тірлігі бар, соның бәрін түгел Отан үшін жұмсауға тиісті. Өйткені ол жаңағы түгел электрленген жүйкелерімен тұтасқан, түтеген кекке айналып үлгірген. Оның махаббаты мен намысы бірге қайнаған да, одан сынбай майыспас болат тұлға қорытылған. Енді оған қорқыныш, елім дегеннің өзі де түкке татымайтын ұсақтың. Ол дәл осы минутта Отанның бірінші адамы, ұлы. Ондай адам бойына, құдіретіне лайық қана әрекет жасауға міндетті, ол отқа жанып тұрғанда да салтанатты, көрікті көрінуге міндетті. Ақын соны жеткізген:

**Қайсарбатыр от кінген
Күш қайратын тіске жиып.
Жаңағы ақшыл ер жүзінен
Жалын тілі тұрды сүйіп.
Шұғыла шалған кешкі бұлттай
Толқын шаштар, оттар ойнап,
Өрт топанын кешіп таптай,
Жалғыз өзі тұрды бойлап.
Тұрды ұқсап, тұрды кейде
От ұстаған Прометейге.**

Өртенген, жалынға айналған жауынгер ту құлағандай құлайды. Біз еріксіз күрсінеміз. Көзден аққан жасымыз омырауымызды жуады. Өйткені ең қимасымыз, ең аяулымыздан айрылды, ең жақсымызды жоғалттық қой. Бірақ біз артынша есімізді қайта жинаймыз да, жаңағы ерлік өлімге қайта көз тастаймыз. Енді біздің кеудемізге жарқыраған жалын адамнан нұр құйылады. Кеудемізге сарқылмаскүш толады. Осындай алып адамға замандас, қандас

болғанымызға мақтанамыз. Оның ерлік өлімінің өзі тірілерге ірілік бергенін, бәрімізді де қайта туғандай жаңартқанын, нағыз адам еткенін көреміз. Мінеки, поэмадан біздің әзірше түсінгендеріміз осылар.

«Поэма фрагменттері» мың жолдан астам шығарма. Қасымның «Біздің дастаны» оның 3-томында осылай «Фрагменттер» деп аталған. Үш томдықты бастырушылар поэмадағы жеке басқа табынуды мадақтайтын жерлерін алып тастағандықтан, шығарманың ішкі байланысы кей тұстарда үзіліп қалып отырады да, бірнеше тақырыптардың құрамы болып шығады. Біз де дастанды осы түрінде аздап сөз етеміз.

Белгілі әдебиетшіміз Есмағамбет Ысмайылов Қасымның үшінші томына жазған естелігінде былай дейді: «Поэманы жазу үстінде ол (Қасымды айтады) қатты қиналып жүрді. Ең үлкен қиындық тартысты, сюжетті қалай беру керек? Негізгі үлгісі Маяковскийдің «Ленин» поэмасы болса да, бірақ Қасым оған жадағай еліктегісі келмеді. Сонымен, 1947 жылы жаза бастаған поэмасын аяқтай алмай кетті. Үзінді ретінде жарияланған үш тарауында Қасым Октябрь революциясының жеңісін, Ленин қайтыс болған кездегі халық қайғысын, Ұлы Отан соғысындағы совет халқының ерлік күресін сипаттайды, тарихи дәуірдің, ұлы революциялық жеңістердің зор дауылды тұлғасын ақын кең эпикалық өрісте суреттей отырып, өзінің лирикалық сезім күйлерін, ақындық шабыт толқындарын да орынды береді. Әсіресе Лениннің қайтыс болу кезіндегі ел қайғысын суреттеуінде ол өзіндік өршіл, ақындық күшін танытып отырды»¹⁰.

Поэманың ұзын-ырғасы, мазмұны осы. Ақынның бұл шығармасын жазарда Маяковскийді есіне тұтқаны да рас. Көптеген қысқа өлеңдерінде («Жолдас маршал», «Ақын», «Тоқта, жолдас!» т. б.) Маяковскиймен де үндес екенін танытқан, соның арқасында өлеңнің жаңа лебін, тың теңеулерін, жаңа сөздіктерін әкелген Қасым бұл поэмада да «Ленинді» қатты ұстанды. Мұндағы басты герой — уақыт пен халық. Ленин және оның партиясы — сол уақыт пен халықтың ұйымдастырғыш санасы. Ал ақын өзі араласқан жерлерде уақыттың куәсіндей, халықтың сенімін, сезімін айтар тіліндей араласады. Бұл жағынан, эпикалық қамту жағынан Қасым ақынның ізденуінде көп жаңалықтар бар. Дәуір сарыны мен ақын дауысының кейде кезектесіп, кейде бірлесе шығып отыруы Маяковский новаторлығын қазақ

¹⁰ Үшінші том, 433-бет.

поэзиясында меңгерудегі жақсы нышандардың бірі. Бірақ бұлмінсіз меңгеру емес. Маяковскийде ғасырдың қат-қабат оқиғалары қаншалық қалың көрінгенімен Ленинді бүркей алмайды, қайта ірілендіре береді, Ленин ұлы оқиғалардың бас геройы, дәуірді бастаушы, дәуір күшін қозғаушы. Сондықтан ол барлық бөгеттермен кілең бетпе-бет келіп, айқасып отырады. Сонда біз поэманың драмалық қуатын да еріксіз сезінеміз. Сондықтан ақынның өз үні де поэмаға бастаушы, я құптаушы сөздер айтушы емес, сондағы күрескердің бірі. Қасым поэмасына осы бірлік, тұтастың, заман мен герой арасындағы бірін бірі күшейтерлік келісім жетіспейді. Көбінесе біз дәуірді табиғи қозғалысынан танымай, ақынның баяндауынан аңғарамыз. Қасым сол баяндаудан туған әлсіздігін сезген кезде өз сезімімен көркемдемек болады. Бірақ дәуірді образға айналдырмаған, өзі оның жанды бір бөлшегіне айналмаған ақын, ішкі қайнаған монологын ақтармай, патетикалық сөздермен куәлік етеді. Есмағамбеттің «ол қатты қиналып жүрді», — дегені осы болу керек. Пікіріміз дәлелді болу үшін кейбір мысалдар да келтірейік:

Партия!
Компартия — Ленин құрған!
Елді де, ерді — осы шынықтырған.
Төрт әріп БКП(б) көз алдымда
Өмірлік өшпес оты жанып тұрған.

Әйтпесе:

Партия жүрді біздің алдымызда,
Ол — Ленин боп көрінді ұл мен қызға,
Қабірге қиямыз ба Ленинді біз,
Мавзолей тұрдың біздің бағымызға.

Мұндай мысалдарды поэманың барлық бөлімдерінен келтіруге болады. Дәуір кезеңдерін қалдырмай қамтисын және әр кезеңді толық айтамын дегендіктен, жаңағыдай үстірт баяндаулар, тізіп айтулар созылып кетеді. Ал капитализм — соғысқұмарлар саяси газет тілімен түсіндіріледі. Содан барып шығарманың бүтін тұлғасын ажарсыз көрсететін босандық, солбырлық, суықтық, шалағайлық, тағы сондай жарамсыздық белгілері көбейеді. Сөйте тұра Қасымның қасымдығын жарқ еткізер сөздер, жолдар, шумақтар да жоқ емес.

Ленин өлімінің қайғысын ол былай суреттеді:

Қаралы тулар тұрды ой жеңгендей,
Қарайды жалау шеті өргенгендей...

Темірді тесетіндей тамған жасы,
Сық етті түсіп қолдан өр балғасы.
Токтаған машинадай тұрды тұнып
Жұмысшы...
Күректің сабы енгендей жүрегіне
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне...

«Фрагменттер» талантты Қасымның тындыра алмай тындыруға үлгіре алмай қалдырған шығармасы.

Қасымның композициялық жағынан жетігіп болмаған, ұзақ уақыттар бойында жөңдей отыруды керек еткен қиын жазылған поэмасының бірі — «Бикеш». Қиын жазылуына екі себеп болды: біреуі — Қасымның сатиралық таланты мол бола тұра әлі тәжірибесінің жоқтығы, екінші — 1938 жылдардағы культ зардабына байланысты ауырлық. Поэmanın сол жылдағы «Азғынбаев» деген атпен шыққан алғашқы редакциясы сыншыларды қатты дүрліктірді. Әңгіме Азғынбаев туралы екеніне қарамастан, ақын барлық дүниені қара бояумен сыбап тастағандай көрінген. «Азғынбаевтар» совет дәуірінде болуы мүмкін бе?» деген сұрақтар қойылған. Соның соңы Қасымға әртүрлі таңбалар басуға дейін ұласқан. Мұндай халде ақынның жалтақсыз жазуы мүмкін емес еді. Қасым мұның бәріне қарамастан поэмасын оқтын-оқтын қайта ширата жүріп, ақыры «Бикеш» дейтін атпен шығарды.

Поэманы сатира дедік, бірақ гротескасыз сатира. Асыра айтам, маскаралай көрсетем деп отырса да, автор ештеңенің өлшемін асырмайды, сиқын бұзбайды. Бірде-бір карикатура жасамайды.

Біз жағымсыз бейненің сыртына қарап ішін, ішіне қарап сыртын танимыз. Біздің көптеген комедияларымызда әшкереленуге тиісті персонаждардың түрі, тілі өздеріне лайық шығып, оған сын сөздері қанша айтылып жатса да оны жіті танымай қоямыз ғой. Теріс персонаж ұрлық та жасайды, өтірік те айтады, дүниеде бар күнәнің бәрін істейді, бірақ біз соны жек көре отырып, толық білмей кетеміз. Өйткені оның ішкі бейнесі жоқ, оның дүниеге көзқарасы, сенімі, мұрат ұстаған нысанасы, өзіндік орын-тұрағы жоқ. Қылмыспен бүкіл заң орны күреседі. Ал, әдебиет пен көркем өнер қылмысты көрсетіп қана қоймай, оның туатын, оған нәр беріп көгертетін негіздермен күресуі керек, қылмыстың идеялық тұғырын бұзуы керек. Өйпейінше жағымсыз бейненің мінезі, құлығы мен қылығы суреттелмейді, біз оның өзімен емес, көлеңкесімен күрескен боламыз.

Азғынбаев портретін Қасым былай сипаттайды:

**Шуылдатып ит біткенді,
Түршіктіріп тыныш түнді,
Сазға бояп етек-жеңді
Ылғи біреу келетін-ді.**

Әйтпесе:

**Болып жүрді ресторанның
Үйреншікті «сый қонағы».
Қашан көрсен графиннің
Тасасында отырғаны.**

Қандай дәл мінез, дәл портрет. Осы екі шумаққа қарап-ақ Азғынбаевтың азғын екеніне сене бастаймыз. Бірақ бұл барлығы емес. Азғынбаевтың тереңі әлі әріде жатыр. Ақын оқушысын сол тереңге бастайды. Азғынның айлакерлігі, суайттығы, Донжуандығы — театрдан жеңілтек артист қызды оңай әкеткені де қызықты. Театрдағы публика, жеңілтек қыздың кескіні, жеңілтек ойы, шолақ мұраты, барлығы да әсем суреттеледі. Ақырында қыз барын жоғалтып, маскара болғаннан кейін есі кіреді. Азғынбаевқа қайта оралғанда, оның бетіне түкіре тұрып шапалағын да жапсырады. Соншалық әшкереленген, қылмысы мойнына мінген, жапа шеккен жанмен бетпе-бет тұрған Азғынбаев оған қысылмайды. Ол өз тұрғысынан ірі геройдың жауабын береді:

**Бүлінесің мұнша неге?
Кеткен жоқ қой ештемең де.
Соған да қыз бүліне ме?
Қызықтадық сен де, мен де.**

**Алдадым рас, айттым жалған,
Не күнә бар онда тұрған?
Жалғыз ғана сен бе алданған?
Қыздар үшін алдау бір заң.**

**Мен атқардым міндетімді,
Неге алдандың, өзіннен көр...**

деп соғады. Мінеки, Азғынбаевтың шын бейнесі, типтік бейнесі осы. Азғынбаевтың зердесінде ұят-аятқа, обалсауапқа жарық берер шырақ әбден сөнген, өйткені оның өзіндік моралі, өзіндік көзқарасы бар. Оған әлеуметтік заңнан хайуандық инстинкт анағұрлым қымбат. Не нәрсе оның қарнын тойдырып, құмарын басса, соның бәрі сыйымды, сол «сыйымдылықтарды» түгел пайдалану — оның

міндеті. Алданған, ұтылған кісі өзінен көрсін. «Кеткен жоқ қой ештемең де, соған да қыз бүліне ме?» деу, әрине, оңбағандық, әйелді қорлаудың асқынған түрі. Бірақ ол шынын айтып тұр. Ол тек солай ойлайды! Сондықтан да біз Азғынбаевтардан сақ болуға, оларды аямасқа бекінеміз. Поэманың әлеуметтік және көркемдік күші осы жағында, бұл - поэманы ең асыл шығармалардың қатарына қосатын күш.

«Боран» 1950—51 жылдары жазылған поэма. Қасым шығармаларының үш томдығын құрастырған жолдастар мұны «аяқталмаған» деп көрсеткен. Расында да поэманың кәзіргі үзілген жері бітіп тоқтаған жері емес, сонымен бірге, бітпеген жері көп те емес сияқты. Оған мынадай дәлелдеріміз бар. Поэманың басты геройларының бірі — боран, кәдімгі дауылды боран. Ақын Арқаның жұт ала келетін кең дүниені керемет ауыртпалықтарға ұшырататын боранды қайта бір соқтырады да, Сарыарқаның жаңадан, совет тұсында соғылған заводына кездестіреді. Боран ықпайтын, жығылмайтын, жүрісінен танбайтын заводқа барлық қуатымен жауыға тиеді. Сондағы бітіргені аз ғана уақыт электр жарығын бүлдіреді. Сол кезде ток соққан инженер Нұрлан жарақаттанып, өлімнен қалады. Нұрланның токқа ұрынғанын естіген келіншегі Жәмила күйеуіне барамын деп шығып, адасып кетеді. Жаны аман қалған Нұрлан түнімен жолдастарын ертіп жүріп келіншегін іздейді, таң ата үсіген, қалжыраған Жәмиланы табады. Суықтан ауырған жас келіншектің халі өте ауыр. Поэманың негізгі боранмен байланысты оқиғасы — боранның жеңілуі, Жәмиланың табылуымен аяқталған тәрізді. Шығарманың өзі де оқушыға осындай, біткен дүниедей әсер қалдырады.

Поэмада Нұрланның әлдеқандай өзі жасаған аппаратына байланысты екі-үш жерде үстірттеу айтылатын шумақтар бар:

**Атом ба, әлде басқа бір қуат па...
Инженер айтар өзі келер уақытта..
Үңілді улы үмітпен мындаған көз
Дәл сол бір кіп-кішкене аппаратқа.**

Аппарат жұмыс істегенде тоң жібіп, жердің бауыры балқиды, «бұрқырап жердің буы көтерілді, аяздың да ашуын тартып алады». Қасым жаңа адамның жаңа ғылымдық қуатына да байқап-байқап тоқтала кеткен. Одан әрі көбейтіп айтуға жүрексінгендей. Онысы теріс те болмаған. Поэмада техниканың құпия сырларын ашатын тетіктерді жырлауақынды поэзиядан алыстатып кетуі де мүмкін сияқты.

Тағы бір осалдау жері — Нұрланның токтан жазылған жері-Қасым оның қалай сауыққанын дәлелдеу үшін Нұрланды жерге көмеді, бойындағы ток зардабын топыраққа сорғызады. Мұнысы да поэманы құлпырта түсерлік бөлшектерге қосылмайды. Мінеки, осындай жеке-жеке міндері болмаса, «Боран» өте қызықты шығарма.

Қысты — боранды жандандыру, оларға қарттың бейнесін беру орыстың, батыстың поэзиясында әлде қашаннан бар, «Аяз-Ата» — орыста халықтық ұғым. Ол поэзияда, ән мен өлеңде, сахналарда, экрандарда да жүреді, көбінесе жыл басы, жаңалық басы түрінде жүреді. Қазақта қысты бірінші рет жандандырған Абай екені мәлім:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Абайдың қысы қазақтың ұлттық ұғымынан туған. Ол соқыр мылқау, боран соқтыра, жұт жетектей, мал баққан елдің апшысын қуыра, заманын тарылта келетін қыс. Қасым осы жанды қыстың қаһарлы боранын поэмасына бас георой етіп:

Арқаның ала сүрген қарт бораны
Ежелден иесіз дала еді, ханы
Айқайлап, атой салып, жорық ашып,
Сан рет солқылдатқан Сарыарқаны, —

деп бастайды. Боран кең даланың бұрынғы патшасы, дәрменсіз халықтың стихиялық тәңірісі. Осы ғасырлар бойы басынған, өмірінде Сарыарқадан қарсылық көрмеген боран қазаққа қатты ызалы. Ол өнер тауып, іргесін бекіткен, аспанмен тілдескен, завод соққан адамға жаудай өшігеді. Жаңа дүниеге кекпен, ашумен қарайды.

Көрді ол алып завод мұнарасын,
Қазақтың дүбірлеткен кең даласын.
Сезді ол адам ұлы басынғанын
Тәкаппар табиғаттың падишасын.

Ол барлық қуатын жинап, тағы бір соғып береді. Бұл оның соңғы шабуылы. Я жеңу, я жеңілу жорығы. Боранның бұрқаған құдіретін, оның заводпен, адаммен соғысын ақын жеткізе суреттейді:

Долы күш ақ кебіннен киген киім,
Ақшамда азынатып дозақ күйін.

**Өкіріп, кеудесімен жатыр соғып,
Ала алмай алты қабат завод үйін.**

Бұдан әрі боранның қолға түсіргені Жәмила. Енді оған жас сұлуға құмар, ыстық денені мұздай құшағымен қатыратын қазақ шалының мінезі бітеді. Боран — стихия, көзсіз мылқау, боран — ескі дүниенің қалдығы, боран - жаны, жасты көре алмайтын көнерген ескілік, боран - өткен өмірдің соңғы әрекеті. Ақын боранға осы сияқты толып жатқан астарлы мағыналар береді. Сөйте тұрып, боранның табиғи бейнесін бірде-бір әлсіретпейді. Әсіресе, боран мен Жәмиланың диалогы қызық. Қорқытқысы, жегісі, жем еткісі келген, сұлуға құмар боран завод тұрсын Жәмиланы да жеңе алмайды. Жас әйелдің тәкаппар мінезі, өмірге, жарына деген махаббаты түнгі боранға төтеп беруге жарайды. Қанша шаршаса да жаны жеңілмейді, өрлігі тоқырамайды. Жәмила Боран шалға:

**Долы шал, садаға кет махаббаттан,
Сен бе екен жасты құшар жалын атқан.
Алдымда елестейді алтын сәуле, —
Сол сәуле жарым ба екен келе жатқан,—**

деп жауап береді. Адамдар Жәмиланы іздеген Нұрлан мен халықтың бейнесі де көтеріңкі рухта алынған. Олар ақын тілімен айтқанда теңіздегі жалт-жұлт еткен жалауды іздеп жүргенге ұқсайды. Жәмила поэзия құдіретімен — жаны дарқан, еркі қанатты, жігері дауылмен алысқан махаббаты боранмен шыңдалған, бұрынғыдан да мөлдірей түскен ерлік образға айналады. Жәмила өлмейді, халық өлтірмейді, боран жеңіледі.

**Дүрліккен түні бойы боран долы
Тым-тырыс жатыр енді, болмай жолы.
Үйлердің арасында қалды үйіліп,
Майданда қырылғандай, қалың қолы, —**

дейді ақын басылған боранға ғажайып теңеулер тауып. Адам бейнесін қасиеттейтін, адам махаббатын дәріптейтін әдемі өлеңдер тамаша! Соның бәрінде де ақынның нәзік жаны, күйлі үні үнемі бабында. Бірде-бір артық сілтемей, бірде-бір кем соқпай, сөз бояуы мен дыбыстарын ғайыптан туғандай сыңғырлатып, құлпыртып отырады. Ондай тұс-Қасымның орасан іріленетін, шығандай көтеріліп кететін тұсы. Біз еріксіз қуанып қол соғамыз. «Боран» Қасым ғана жазған, ешкімге ұқсамай, өзінше жазған новаторлық поэма.

Бұлоның қазақ совет поэзиясына тыңнан қосқан жаңалығы. Совет адамына арнаған биік ескерткіші.

* * *

Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде.
Советтік менің өз елім, —

деген Қасым осы бетінен бірде жалтарған жоқ. «Советтік елім» деген екі сөз оның ақындық туы еді. Сол туды биік көтерумен өтті. Ғасырмен бірге қозғалды, халықпен бірге өсті, қан майданды бірге кешті. Қасым — еліміздің алып заводтарының іргесіне қаланған берік тастарының бірі; Қасым — ұлы жеңістерге мәңгілік үшін арналған ғажайып ескерткіштердің бірі. Қасым жыры — көңіл күйіміздің аса бір шадыман, бақытты шағы. Ол әрқайсымыздың-ақ арман-қиялымызды ілгері бастаушыларымыздың бірі. Сөз қалай түледі, өлең қалай жанданды, ой мен өнер қалай табысты, қазақ совет поэзиясы қалай өрледі? — деген сұрақтарға ешкім де Қасымсыз жауап бере алмайды. Қасым сондай ақын.